

# ОРТА АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Әр тоқсан сайын шығатын ақпараттық-сараптамалық бюллетень


«Орта Азиядағы адам құқығы мен құқыққорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасы

№ 7 шығарылым [2010 жылдың шілде-қыркүйегі]



Еуропалық комиссия

INSTITUTE FOR WAR & PEACE REPORTING



Соғыс және бейбітшілікті жариялау жқіндегі Институт

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіздердің назарларыңызға Орталық Азия елдерінің адам құқығы саласындағы өзекті мәселелері жарық көретін ақпараттық-сараптамалық бюллетеннің жетінші жарияланамын ұсынып отырмыз.

10 қазан күні Қырғызстанда рекордтық көрсеткіш – 29 партия қатысқан парламент сайлауы өтті. Сарапшылардың пікірінше, Қырғызстан өз Конституциясын 8 рет өзгерткен соң барып, бұл сайлау демократия талаптарына сай өткен. Партиялар арасындағы үлкен бәсекелестік заңбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы бірін-бірі бақылауға әкеліп отыр. Парламенттің жаңа құрамы мен жаңадан қалыптасқан үкімет елдегі мемлекеттік құрылым мен адам құқығы секілді мәселелерге сөзсіз ықпал етеді. Алайда, маусым айында қайғылы жағдайлар орын алған Қырғызстанның оңтүстігі қазір дау-дамайдан кейінгі реттеу кезеңін бастан кешіріп келеді. Елдің осы аймағына ЕҚЫҰ-ның 52 адамнан тұратын полция жасағын енгізуі үлкен пікірталас туғызды. Нәтижесінде бұл мәселені шешу жаңа парламент пен жаңа үкіметтің еншісіне қалдырылды.

Тәжікстанда тамыз айында Душанбенің орталық ауданында орналасқан Ұлттық қауіпсіздік Мемлекеттік Комитетінің тергеу изоляторында (ТИ ҰҚМК) жатқан 25 тұтқын қашып кетті. Олардың басым көпшілігі бұдан бұрын лаңкестік, есірткі саудасы және мемлекеттік төңкеріс әрекеті айыптаулары бойынша 10 жылдан 30 жылға дейінгі мерзім көлемінде жаза алған 46 адамның ішінен болды. Ал қыркүйек айында Рашт ауданының Камароб шатқалында Қорғаныс министрлігінің колоннасына қарулы топ шабуыл жасады, нәтижесінде 20 әскери қызметкер қаза тапты. Аталған акт Худжантта болған лаңкестік әрекеттің соңын ала орын алды.

Қазақстандық құқық қорғаушылар болса, елдің ЕҚЫҰ-нәтарағалық етуіне қарамастан жиналыс бостандығы, сөз бостандығы және ар еркіндігі секілді салалардағы жағдайдың ушығып тұрғанын айтады. Шілде айында өткен ЕҚЫҰ министрлер Кеңесінің мүшелері – сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуінде ЕҚЫҰ саммитін Астанада 1-2 желтоқсан күндері өткізу туралы шешім қабылданған-ды. Сарапшылар пікірінше, Қазақстан басшылығы халықаралық қауымдастықтың ЕҚЫҰ төрағасына осылайша көтеріп алмақ. Сонымен қатар қыркүйек айындағы Қазақстан президенті кеңесшісінің хабарлауынша, Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылы өтетін президенттік сайлауға өз кандидатурасын ұсынбақшы. Кеңесші 2007 жылы Конституцияға енгізілген, Назарбаевқа «сайлау кезінде кандидатурасын шексіз ұсынуға мүмкіндік беретін» өзгерісті атап өтті.

Қыркүйек айының басында Ашхабадта Еуропалық Кеңес өкілдері ел билігімен «Адам құқығын қорғау мен адам құқығын қорғау саласында іс-әрекет жүргізудегі Түркіменстанның күш-қуатын нығайту» жобасының жүзеге асырылуын талқылады. Жоба бұл елде БҰҰ-ның Даму Бағдарламасы мен адам құқығы бойынша Жоғарғы комиссардың өзара ықпалдастығымен алғаш рет жүзеге асырылғалы отыр. Түркіменстандық құқық қорғаушылардың пікірінше, аталған идеяны жүзеге асыру үшін биліктің ашықтығы және азаматтық қоғамның кеңінен араласуы қажет. Талқылау президент Гурбангулы Бердымухаммедовтың БҰҰ-ның 65-ші сессиясына қатысуы қарсаңында болды, сессия кезінде ол аталған халықаралық ұйымның аясындағы әріптестіктің бірнеше форматын ұсынды

Тамыз айында өзбекстандық құқық қорғаушылар еңбек миграциясына байланысты талқылаулар өткізді. Еңбек миграциясының ауқымын билік мойындар емес, алайда ел экономикасы қарқынды даму үстінде дегенді айтудан таймай келеді. Ал бұл мәселеге сараптама жүргізген мамандардың айтуынша үш миллионнан бес миллионға дейінгі өзбек азаматы шет елде жұмыс қамымен жүр және олардың көшілігі заңсыз негізде күнкөріс көзін іздеуде. Құқық қорғаушылар бұл адамдардың әлеуметтік қорғау жүйесінен тыс қалатынына және зейнетақы мен жәрдемақыға қол жеткізе алмайтынына алаңдаушылық білдіреді. Жергілікті адам құқығын қорғаушылардың назарына 28 миллион халқы бар Өзбекстандағы бала тууды реттеу бойынша бағдарлама да ілігіп отыр. Бұл бағдарлама өз еркімен дүниеге сәби әкеле алмайтын әйелдердің құқығын бұзуда.

Ал біз бюллетеннің «Орта Азия мемлекеттеріндегі құқық қорғау білімі мен адам құқығын қорғау» жобасының аясында, Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі британдық институт (IWPR) арқылы жүзеге асырылып, Еуро Комиссияның қолдауымен басылғанын естеріңізге сала кетеміз. Орта Азия мемлекеттеріндегі адам құқығын қорғау саласындағы қоғамның ақпаратпен қамтамасыз етуінің деңгейін көтеру жобаның негізгі мақсаттарының бірі болып есептеледі. Бүгінгі күні жоба Қырғызстандағы балалардың білімге қол жеткізу туралы сұрақтарын, Тәжікстандағы өз өзіне қол жұмсаушылықтың көбейіп кетуіне байланысты мәселелердің, Қазақстандағы сөз бостандығына қатысты мәселелерге қатысты диалогтық байланысқа қатысты сұрақтарды шешіп, қамтамасыз етіп отыр. Жобаның келесі бағыты үкіметтік емес ұйымның мүшелерін қоғаммен байланысқа, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас құруға және адам құқығына қатысты халықаралық стандарттар мен сол саладағы ұлттық заңнама туралы журналистерге арналған тренингтер өткізеді.

IWPR бүгінгі таңда Еуропада, Ауғанстанда, Иранда, Иракта, Сирияда, Филиппинде, Уганда, Солтүстік Африкада, Зимбабведе, Кавказда және Орта Азия мемлекеттерінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. Орта Азиялық аймақта IWPR-дың сәтті қызметі 1999 жылдан бастау алған. Осы уақыт аралығында Институт мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) және медиа құрылымдармен конструктивті қарым-қатынас орнатты. IWPR алғашқылардың бірі болып жергілікті журналистермен қарым-қатынас құрып, оларға шетелдегі әріптестерімен байланыстарын дамытуға көмектесті. Уақыт өте келе серіктестік тығыз қарым-қатынастар түріне айналды.

Мұндай тәсіл жаңа байланыстардың кеңеюін, идеялардың, білімнің және машықтармен алмасуды қамтамасыз етті. Тілдік тосқауыл мен көзқарастардың әр түрлі болуына қарамастан, www.iwpr.net сайтында көптеген мақалалар жарық көруі, жемісті жұмыстың қорытындысы болып есептеледі. Осындай жұмыстың арқасында IWPR адам құқығына байланысты, демократия мен басқа да қақтығыс тудыратын тақырыптарды, сұрақтарды баяндауға қатысты едәуір үлесін қосты.

Бюллетеннің әр нөмірінде біз сіздерді жобаның қызметімен, Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы және Өзбекстандағы адам құқығын бұзуға қатысты әр түрлі жағдайлармен таныстыруға, сонымен қатар, біздің аймақтағы мемлекеттердің шынайы жағдайын объективті түрде баяндауға тырысамыз.

## В ВЫПУСКЕ

### ӨЗЕКТІ СҰХБАТ:

- 8 «Бирдамлик» оппозициялық қозғалысының Ташкент бөлімінің жетекшісі Дилором Исхаковамен сұхбат

### АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ:

- 9 Тәжікстан: боевиктермен күрестің жаңа тәсілі  
12 Өзбекстан үкіметі еңбек миграциясының бар екенін мойындамауда

### ҚАЗАҚСТАН:

- 14 Қазақстан: жаңа заң ақпаратқа қол жеткізу жолдарын жеңілдетуге бағытталған  
15 Қазақстан адам құқығына қатысты алғанда ЕҚЫҰ рөлін шектеуде деп айыпталуда

### ҚЫРҒЫЗСТАН:

- 17 Шетелдік полиция күштерін енгізуге байланысты қырғызстандықтардың пікірі бір жерден шыққан жоқ  
18 Қырғызстандық партиялар коалиция құруға көшті

### ТӘЖІКСТАН:

- 20 Тәжікстандағы БАҚ туралы заң жобасы: әлі де болса жетілдіруді қажет етеді  
21 Тәжікстандағы кәмелеттік жасқа толмағандарға берілетін бұрынғыдан жеңілдірек жаза

### ТҮРКІМЕНСТАН:

- 23 Адам құқығы бойынша жобаның жүзеге асырылуы биліктің беделінің көтерілуіне әкеледі  
24 Түркіменстандағы діни ұйымдар биліктің қысымына ұшырауда

### ӨЗБЕКСТАН:

- 26 Өзбек түрмелеріндегі қорлық көрсету тұтқындардың психикалық аураға ұшырауына әкеліп соғуда  
27 Бала тууды реттеу туралы заң әйелдердің құқығына қол сұғып отыр

## ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ:

**Армениядан келген маман қырғызстандық әріптестеріне бостандығынан айрылған немесе бостандығы шектелген азаматтар орналасқан орындарға қоғамдық мониторинг жүргізудің техникалық қыр-сырын үйретті**

26-27 маусымда Бішкекте «Бостандығынан айрылған немесе бостандығы шектелген азаматтар орналасқан орындардың қоғамдық мониторингі» тренингі өтті.



Мониторинг концепциясы, оның түрлері мен қызметі жайындағы ақпаратқа Бішкектегі Омбудсмен Аппаратының (Ақыйкатчы) 20-дан астам қызметкері, сонымен қатар республика аймақтары бойынша Омбудсменнің өкілдері, ҰЕҰ қызметкерлері және заңгерлер ие болды.

Пенитенциарлы мекемелер мен алдын-ала тұтқынға алу орындарындағы азаматтардың құқығынан бөлек, аталған тренингке қатысушылар балалар және жастар құқығы, психиаторлық стационарлардағы жандардың және халықтың әлсіз топтарының құқығы мәселелерін қамтыды.

Аталған шара жоба аясында USAID, Бішкектегі Германия Елшілігі, Ашық қоғам институты және Норвегияның Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен «Голос свободы» ҚҚ және «Фридом Хаус» ұйымымен бірлесе отырылып өткізілді.

Тренер ретінде шараға Армения Әділет министрлігінің жанындағы пенитенциарлық мекемелердің мониторинг тобының төрағасы Арман Даниелян, Тәуелсіз құқықорғау тобының сарапшысы Улугбек Азимов және ТҚТ-ның директоры Динара Саякова қатысты.

Арман Даниелян Қырғызстанға осымен төртінші рет келіп отыр. Бұрынғы сапарларында ол ҰЕҰ мен Омбудсмен Аппаратына арнап өткізілген тренингерге жаттықтырушы ретінде қатысқан болатын. Осы жолы да маман қырғызстандық әріптестерімен өзінің практикалық ұсыныстарымен бөлісті.

Оқыту шарасының барысында қатысушылар практикалық тапсырмалар арқылы ақпарат жинау техникасын меңгерді. Тренинг кезінде мониторинг жүргізудің тәсілдері үйретілді.

жекелеп айтар болсақ, қатысушылар бостандығынан айрылған немесе бостандығы шектелген адамдардан, олардың туыстарынан, медицина қызметкерлерінен және пенитенциарлы мекемелердің басшылықтарынан сұхбат алу тәсілдерін меңгерді.

«Нақты тапсырмалар арқылы әдіс-тәсілдерді үйрендік. Мен мониторинг жүргізу барысында сұрақ қоюдың маңызының жоғары екендігін түсіндім. Әр жағдайға сәйкес өзіндік тәсіл, өзіндік құрылым бар. Кез-келген

мәлімет заң бұзушылықтың бетін ашуы мүмкін. Бұдан былай мониторинг жүргізу кезінде мен түрлі жағдайлар мен жұмыстан тыс жайттарға дайын боламын», - деді тренингке қатысушылардың бірі, Ош қаласындағы «Адам құқығы бойынша эвокаси орталықтың» өкілі Улан Бекмуратов.

Оның сөзіне қарағанда, тренинг барысында ол мониторингтің барынша нәтижелі болуы үшін дайындық жұмыстарын жүргізуге байланысты білімге қаныққан.

## Құқықорғау жұмысындағы Интернет және жаңа медиа

16-17 шілдеде Алматыда «Құқықорғау жұмысындағы Интернет және жаңа медиа» атты аймақтық тренинг өтті. Тренинг қатысушылары – Орталық Азия елдерінің құқықорғау ұйымдары өкілдері мен журналистері web 2.0 мен жаңа медианың (әлеуметтік желілер, блогтар, форумдар, пошта қызметінің мүмкіндіктері және т. б.) негізгі құралдарын игерді, оларды адам құқығының бұзылуына қатысты жағдайларға қолдану тәсілдерімен танысты.

Тренер ретінде танымал web-сарапшылар Әділ Нұрмақов (Қазақстан) мен Бектур Искандер (Қырғызстан) аталған шараға қатысты.

Интернет пен жаңа медиа Орталық Азия елдері үшін ақпарат алудың маңызды көзіне айналды, қоғамдық пікір қалыптастырудың жаңа моделін түзді. Мәселен, қазір қандай да бір байланыс кампаниясын немесе басқадай бір шараны күннен-күнге халық арасында кеңінен таралып келе жатқан әлеуметтік желілерсіз жүргізуді көзге елестету қиын.

Осыған байланысты соңғы үлгідегі деген заманауи web-технологиялар кез келген әлеуметтік маңызы бар және құқықорғау жобалары үшін аса үлкен маңызға ие. Жаңа медианы жұмыстарында кеңінен қолданатындарына қарамастан, құқықорғаушылар мен журналистер интернет-құралдарды барынша толық қолданбайды, интернет-ресурстар мен web-сарапшылардың кәсіби құпиялары жайлы көп жағдайда біле бермейді.

## Әйел құқығы

20 шілде күні Шымкентте «Әйел құқығы» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелдің мақсаты қатысушыларға құқықорғаудың негізгі принциптері мен тең құқық пен мүмкіндіктерді қолдауды, халықаралық стандарттарды және тең құқықпен, мүмкіндіктермен қамтамасыз ету тәжірибесімен таныстыру арқылы гендерлік білімді көтеру болды. Шараны Қазақстандағы «Соғыс және бейбітшілік институтының» Өкілдігі, «Әйел ресурс орталығы» ҰЕҰ, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімінің жанындағы әйелдер мен отбасы-демографиялық саясат істері бойынша Комиссия және Шымкент қаласының әкімінің жанындағы әйелдер мен отбасы-демографиялық саясат істері бойынша Комиссия ұйымдастырды.

Дөңгелек үстел бағдарламасында құқықорғау ұйымдары үшін аса маңызды тақырыптар ұсынды: «Қазақстанның әйел құқығын қорғауға арналған екі заңын талқылау: «Тұрмыстық күш көрсету профилактикасы туралы», «Ер адамдар мен әйел адамдардың тең құқығы мен

«Сарыарқа Медиа» (Қарағанды) Аймақтық журналистика орталығының өкілі Эльмира Боранбаеваның сөзіне қарағанда, тренингке қатысу арқылы ол құқықорғау жұмысының жаңа технологияларын меңгерген. «Мәселен, gmail немесе Skype секілді күнделікті көріп жүрген қарапайым қызмет түрлерінің жаңа қырларымен таныстым, олар әсіресе Қазақстан секілді жер көлемі үлкен ел үшін ақпарат таратуда тіпті де қажет екен», - дейді ол.



«Енді Facebook пен Twitter біз үшін тек әңгімелесу немесе көңіл көтеру құралы емес, себебі жаттықтырушылар бұл ресурстардың медиа және құқықорғау жобалары үшін, Желідегі жеке сайттар мен жобалар үшін шексіз мүмкіндіктерімен таныстырды», - тренингке қатысушы

тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілі туралы», күш көрсетуден зардап шеккен әйелдер үшін «Арнайы әлеуметтік қызмет түрлері туралы» Заңның стандарттары жобасын жүзеге асыруды талқылау, биліктің атқарушы органдарының БАҚ-мен, ҰЕҰ-дармен отбасы, әйелдер мен балалардың жағдайын жақсартуға қатысты өзара әріптестік қарым-қатынасы.

Дөңгелек үстелге 32 адам қатысты, олардың ішінде облыстағы аудандық жергілікті атқарушы органдардың, Шымкент қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдерінің аудандық аппаратының әйел мен отбасы және демографиялық саясат істері бойынша Комиссия өкілдері болды.

Шара қорытындысы ретінде «Тұрмыстық күш көрсету профилактикасы туралы», «Ер адамдар мен әйел адамдардың тең құқығы мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілі туралы» заңдарды жақсартуға арналған

бірнеше ұсыныс дайындалды, арнайы әлеуметтік қызмет түрлерінің стандарттары жобасы бойынша түзетулер мен ұсыныстар енгізілді, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі А. Мырзахметовқа хат дайындалды.

22 тамызда Астанада ҚР Әділет министрлігі құрған жұмыс тобының стандарттарды дамытуға арналған алғашқы отырысы өтті. Отырысқа ҚР Президенті жанындағы отбасы мен әйел және демографиялық саясат істер бойынша ұлттық Комиссияның, ҚР Ішкі істер министрлігінің, ҚР Білім министрлігінің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының, Халықаралық миграция және әйелдердің коммерциялық емес ұйымдарының ұйымының өкілдері қатысты. Жұмыс тобының құрамына біздің жақтан «Статус әйелдер Федерациясы» ҰЕҰ-ның президенті, «Зәбір көрген құрбылардың қызметке қол



жеткізуі» жобасының жетекшісі И. С. Унжакова кіріп отыр, ол жұмыс тобының келесі отырысында дөңгелек үстелдің нәтижелерін ұсынады.

### Құқықорғау журналистикасы

24 және 25 шілдеде Хорогта «Құқықорғау журналистикасы» тақырыбында тренинг болып өтті. БАҚ-дағы құқықорғау тақырыбын көтерудің ерекшеліктерімен облыс орталығы мен Таулы-Бадахшан облысының аудандарынан келген 17 журналист танысты.



Шараға тренер ретінде Адам құқығы мен заңдылықты сақтау жөніндегі Бюро Қоғамдық ұйымының мамандары Наргис Зокирова мен Зульфикор Замонов қатысты.

Тренингтің ашылуында Адам құқығы мен заңдылықты сақтау жөніндегі Бюроның директоры Наргис Зокиро-

ва аталған семинардың мақсаты журналистерді адам құқығының негіздеріне үйрету екендігін атап кетті.

Аталған тренингтің аясында журналистер адам құқығын қорғаудың ұлттық және халықаралық механизмдері туралы ақпарат алды, саяси және азаматтық құқықтар: пікір білдіру еркіндігі, әділетті сот құқығы, заңдық қорғану құқығы, күш көрсетуден азат болу құқығы және тағы басқа құқықтармен танысты.

Аймақтағы бірқатар мемлекеттік және тәуелсіз басылымдардың жетекшілері мен қызметкерлері құқықорғау журналистикасының негіздерін, құқықорғау ұйымдарының негізгі ұстанымдарын, ТР-ның ұлттық заңнамасындағы адам құқықтарын, оларды қорғаудың механизмдерін игерді. Тренингке қатысушылар сонымен қатар БҰҰ-ның адам құқығы бойынша комитетінің жұмысымен таныса алды.

«Тренинг үлкен өзектілікке ие, әсіресе, қазіргі кезде, Тәжікстандағы адам құқықтары мен бостандығының бұзылып жатқан уақытында тіпті де қажет», - деді семинарға қатысушы Рахмонкулова Гулбахор.

### ҰЕҰ мен азаматтық белсенділер үшін ақпараттық қауіпсіздік саясаты

26-28 шілдеде Алматыда «ҰЕҰ мен азаматтық белсенділер үшін ақпараттық қауіпсіздік саясаты» тренингі өтті.

Тренингке ОА елдерінің құқықорғаушылары мен журналистері қатысты. Тренер ретінде шараға ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ең үздік мамандардың бірі, РФ Мемлекеттік думасының жанындағы отандастар Кеңесінің мүшесі, Нидерландыда орналасқан Түркіменстанның Демократиялық азаматтық кеңесінің төрағасы Вячеслав Мамедов қатысты.

Тренингтің мақсаты мен міндеттерінің қатарында келесілер болды: ақпараттық қауіпсіздік мәселелері жайлы, олардың алдын-алу мен күтпеген жайттардан қорғану жайлы жалпы түсінік беру; жеке ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шаралар өткізу бойынша келелі шешімдер қабылдауға қолдау білдіру; ақпараттық жүйелерді қорғау бойынша бағдарламалық

техникалық шараларды қабылдауға қолдау білдіру; қауіпсіздік шараларының әдіс-тәсілдерін үйрету; ақпараттық қауіпсіздік саясатының негіздерімен таныстыру, азаматтардың құқығының бұзылуы жағдайында кампаниялар өткізудің тәсілін үйрету.



Қатысушылар хат алмасуды және мәлімет алмасуды қорғаудың заманауи технологияларымен, қажетсіз қол жеткізудің, ақпараттық жүйенің жұмысының бұзылуының алдын-алумен; компьютерлер мен желінің қауіпсіз жұмыс жасауын қамтамасыз етумен танысты.



Тренинг жұмысы барысында әуелгі кезекте ақпаратты қорғауға назар аударылды, себебі құқыққорғаушының қауіпсіздігі осы фактормен тығыз байланысты.

Тренингке қатысушылар өздерінің азаматтық еркіндігіне қол сұғылғандығын анықтауды үйренді, қауіпсіздіктің

активті және пассивті жүйесін меңгерді, өз беттерінше ақпараттық қауіпсіздік саясатын жүргізумен танысты.

Қатысушылардың пікірінше, тренингтің тақырыбы мен мазмұны үлкен өзектілікке ие. Қатысушылардың көпшілігі өз жұмыстарының қауіпсіздік саясаты секілді құрамдас бөлігінің маңызын енді түсінген сыңайлы, олар қызметтерін қауіпсіздікпен қамтамасыз етудің технологияларын меңгерді.

MediaNet халықаралық журналистика орталығының жоба-үйлестірушісі Дінмұхамед Зиядин былай дейді: «Мен ақпараттық қауіпсіздік дегеннің не екенін білдім, ҰЕҰ қызметкерлері үшін ақпаратпен жұмыс барысында қандай қауіп бар екенін түсіндім, олардың алдын-алуды меңгердім. Мен естіген дүниенің 70 %-ы мен үшін жаңалық болды. Электронды тасымалдағыштағы ақпараттың ерекше пайдалы болатынына сенімдімін, себебі олар құқыққорғау ұйымына лайықталып, таңдалып алынған. Біздің тынымсыз заманда алынған ақпарат өте қажет деп ойлаймын.

Тренинг кезінде мен біз сеніп жүрген қауіпсіздік жүйелерінің айтарлықтай сенімді емес екендігіне көзім жетті. Тренингке дейін менің осы бағыттағы білімім үстірт болатын. Енді, мен ақпаратты қалай қорғау екендігін білемін».

## IWPR видеоконференциясы Бішкек пен Вашингтонды Қырғызстанда өткен парламент сайлауын талқылау мақсатында жалғайды

Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі Халықаралық бейбітшілік Карнеги Қорымен бірлесе отырып (Вашингтон) видео-Интернет-дөңгелек үстелін сәтті түрде ұйымдастырып келеді. Қырғызстандағы маңызға ие қоғамдық-саяси жайттарды талқылау үшін ҚР жетекші партияларының өкілдері мен сарапшылар шақырылады. Американдықтардан шараға Халықаралық бейбітшілік Карнеги Қорының, АҚШ мемдепартаментінің, Ашық қоғам институтының (OSI), Демократияны қолдау ұлттық Орталығының (NED), Халықаралық діни бостандықтың АҚШ Комиссиясының (USCIRF) сарапшылары мен тәуелсіз зерттеушілер қатысуда. Кездесудің модераторлары Халықаралық бейбітшілік Карнеги Қорының Орталық Азия бойынша жетекші сарапшысы Марта Брилл Олкотт пен Қырғызстандағы IWPR Өкілдігінің директоры Эрлан Абдылдаев болды.

11 тамыз күні болған видеоконференцияда 2010 жылдың 27 шілдесінде қабылданған ҚР жаңа Конституциясы талқыланды. Шарада аталған құжаттың Қырғызстанды дағдарыстық жағдайдан алын шығары, алып шықпасы әңгіме болды. Американдықтарды бұл тақырыптың конституциялық реформаға қатысы бар тұсы қызықтырды.

«Бұл тәуелсіздік алған 19 жылдың ішінде қабылдап отырған сегізінші Конституция. Өкінішке орай, біздің қоғам жаңа Конституция қабылданса, мемлекеттік құрылымды өзгертсек, сол сәтте-ақ бәрі өзгеріп шыға келеді деп түсінеді. Алайда, біздің басты проблемамыз мемлекеттік құрылымның формасы емес, мемлекеттік биліктің өкілдері, жауапсыз шенеуніктер», - деді «Бүтін Қырғызстан» партиясының жетекшісі, парламенттік жарыстың қатысушысы Мирослав Ниязов.

«Біздің Конституция ашық түрде талқыланды. Конституциялық кеңестің мүшелері барынша жан-жақты таңдалды. Бұрынғы режимнің кезінде мен өз пікірімді еркін білдіре алмайтын едім, қалаған жұмысымды жасай



алмайтынмын. Мен біздің өміріміз өзгерді деп айтқым келеді», - деді видеоконференцияға қатысушы «Саяси-құқықтық зерттеулер Орталығының» сарапшысы Гульнар Искокова. Аталған Орталық жақында Женевадағы БҰҰ мен бірқатар өзге де халықаралық ұйымдардың жанындағы ҚР төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Өз кезегінде қырғызстандық коммунистердің экс-жетекшісі Исхак Масалиев елдегі парламентаризмнің болашағы жайлы күмәні бар екендігін жеткізді. «...Конституцияны іс жүзінде қолдану күннен-күнге қиындап барады. Қазіргі жағдайда парламенттік басқару үлгісін қолдану мүмкін емес», - деді Масалиев.

Тағы бір видеоконференция 28 қыркүйек күні, 10 қазанға белгіленген ҚР парламенттік сайлау алдында болды. Бұл жолы сайлауға бұрын-соңды болмаған партиялар саны –

20 партия қатысатыны белгілі еді. Алайда олардың бәрі бірдей ҚР жоғарғы заң шығарушы органына өте алмайды. «АкШумкар», «Ар-Намыс», «Ата-Журт», «Замандаш», ҚСДП секілді партиялар американдық әріптестерімен сайлауға қатысушы партиялардың ұстанымы және Қырғызстанда сайлаудан кейін не өзгертіні жайлы әңгіме құрды.



Кездесу барысында сайлаудың қаншалықты таза әрі әділ өтетіндігі талқыланды, себебі Қырғызстан тарихында президенттік сайлау да, парламенттік сайлау да, сондай-ақ бүкілхалықты дауыс беру де халықаралық қауымдастықтың да, жергілікті бақылаушылардың да алаңдаушылығын туғызды. Кездесуге қатысушылар осы жолғы сайлаудың әділ өтетініне үміт білдірді, себебі партиялар арасындағы қатаң бәсеке қандай да бір заң бұзушылықтарға жол бермесі анық.

ҚСДП-ның мүшесі Шамиль Атаханов қырғызстандық қоғамның азаматтық санасы соңғы жылдары болған жайттардан кейін айтарлықтай өскенін, бұның сайлау процесінің таза өтетініне ықпал ететінін айтты. «Ак-Шумкар»

партиясының мүшесі Тамерлан Ибраимов Қырғызстанда өкімшілік ресурстың пайдаланылатынын және мүмкіндігі бар партиялар бұдан бас тартпайтынын жеткізді. «Бір жағынан, қазір Қырғызстанда 7-8 айтарлықтай күшті партия бар, олар бір-бірінің мүмкіндіктерін жақсы біледі және бір-бірін бақылайды. Міне, осындай жағдай сайлаудың әділ өтеріне үлкен ықпал етуі мүмкін». – деді ол.

Кездесуге қатысушылардың көпшілігі Қырғызстанда сайлауға дейін қандай бір шектен шығатын әрекеттердің орын алмайтынын айтты, себебі сайлауды өткізбей тастауға ешкім де мүдделі емес. Алайда сайлауға қуаты әртүрлі партиялар қатысатындықтан одақтық үкімет құрылар кезде пікір қайшылығы тууы мүмкін дейді сарапшылар. «Ата-Журт» партиясының саяси кеңесінің мүшесі Иманкадыр Рысалиев «одақ құрыларда қандай да бір күтпеген жайттардың орын алуы мүмкін екенін» және «мұның бәрі көшеде емес, парламент ішінде болатынын» айтты.

Сайлаудан кейін Қырғызстанды не күтетіні жайында сарапшы Валентин Богатырев «қазір күтіліп отырған нәтиже бірде-бір партияның негізгі күшке ие болатын жайлы білдіреді» дейді. «Көпшілік дауысқа ие болатын партия болмайтындығы белгілі болған кезде, сайлау кампаниясының алдына қойылған мақсаттың сипаты өзгерді. Қазір басты назарда парламенттік сайлау емес, осы сайлаудың келесі президенттік сайлау кезінде не беретіні болып отыр. Міне, қазір күрес осы үшін жүріп жатыр», – деді Валентин Богатырев.

Видеоконференцияға қатысушылар елдегі партиялық жүйе жақын арада айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды деп түйіндеді. Тек бұл өзгерістер азаматтардың сайлау кезіндегі конституциялық құқығын бұзбаса болды.

## Ақпаратқа қол жеткізу құқығы – көңіл аудармай қоймаңыз

2010 жылдың 20 тамызында Қазақстандағы көпшілік ақпаратына қол жеткізу туралы заң жобасы бойынша кезекті аймақтық қоғамдық таңдаулар өтті. Аталған заң жобасын азаматтық қоғамның өкілдерінің қатысуымен БҰҰДБ жасап шығарған болатын.

Аймақтық тыңдаулар сериясы ақпаратқа қол жеткізу туралы заң жобасын кеңінен талқылауға арналған. Бұл заң жобасы мемлекеттік органдар, жергілікті басқару органдары, территориялық органдар, мекемелер, ведомстволық мемлекеттік органдар, ұйымдар, жеке және заңды тұлғалар арасында ақпарат алу және таратудағы қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған.

Ақпарат алу құқығы демократиялық мемлекеттің қалыптасуы жолындағы негізгі құқық болып табылады. Демократиялық мемлекетте азаматтар мемлекетті басқару ісіне кеңінен араласып, үкімет ел алдында есеп береді. Ақпарат алу құқығының түрлі деңгейдегі жемқорлықтың алдын-алуда қолданылғаны жайлы көптеген мысалдар кетіруге болады.

Ақпаратқа қол жеткізу туралы заң маңызды әлеуметтік артықшылықтармен қамтамасыз ете алады. Заң көпшілікке арналған ақпараттың таратылу және алу жолдары мен тәртібін белгілейді, ақпаратқа иелік етушілер мен пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін

анықтайды, ақпаратты пайдаланушылардың көпшілікке арналған ақпаратты алуға және таратуға деген құқығына кепілдік береді.

Тыңдаулар Өскемен және Қарағанды қалаларында болды. Тыңдауға қатысушылар заң жобасының және жеке ақпаратқа қол жеткізу туралы заңның маңызын атап өтті, нақты нормаларды қабылдауға байланысты практикалық ұсыныстар әзірледі.

Тыңдау барысында қатысушылар ақпаратқа қол жеткізуге байланысты заңнамаға қатысты пікір алмасады, заң жобасының нормаларын жетілдіріп, оны Қазақстан Республикасының парламентіне енгізу туралы мәселені талқылайды.

Заң жобасын азаматтық қоғам сарапшылары мен Қазақстанның Медиа Альянсы, «Әділ Сөз» ҚҚ, «Интер-ньюс Қазақстан» ҰЕҰ, «Medialife» ҚҚ, «Ақпараттық ба-стама» ҚҚ, «Десента» ҚҚ, «Зубр» Қоры, ҚР заңнама институты және басқа ақпаратқа қол жеткізу саласындағы ұйымдардың өкілдері дайындады.

## Қазақстан Республикасындағы «БАҚ БОЛАШАҒЫ – ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ҚОЛЫНДА» бірінші аймақтық медиафорумы

20 қыркүйек күні Алматы қаласында «БАҚ болашағы – журналистердің қолында» татты алғашқы аймақтық медиафорум өтті.

Біздің БАҚ қайда барады? Заманауи «жарыста» бәсекеге қабілеттілігін қалай арттыра алады? Мерзімді баспасөз үшін Интернет жақсы ма әлде жаман ба? «Халықтық» журналистика деген не? Ғаламдық тордағы шектеулерден қалай жол тауып, өтуге болады? Журналистер үшін өз-өзіне деген цензура қажет пе, жоқ па? Осы және басқа да мәселелер медиафорумның бес сессиясында қарастырылды.

Форумға қазақстандық медианың өкілдері, шенеуніктер мен депутаттар, қазақстандық және шетелдік медиалық ұйымдар мен сарапшылар, халықаралық қорлар мен елшілік өкілдері қатысты.

Шараның серіктестері Қазақстандағы Freedom House ұйымы, Қазақстанның Медиа Альянсы және Medianet Халықаралық журналистика орталығы болды.



Медиафорумның «Республикалық» үйлестірушісі Ирина Медникова ұйымдастырушылардың ниетін «Біздің мақсат – бейресми жағдайда Орталық Азия журналистерінің, оның ішінде ең әуелі қазақстандық журналистердің өзекті мәселелерін талқылап, оларды шешуге арналған ұсыныстарды ойластыруға тырысу», - деп түсіндірді.

Ал MediaNet Халықаралық журналистика орталығының директоры Игорь Братцев болса ақпараттың интернет-кеңістікке ауыса бастауы журналистиканы мультимедиалық бағытты дамып, технологиясын арттыруға мәжбүрлеуде деп санайды. «Сондықтан БАҚ мамандарының бас қосуы – жаңа идеяларды жарыққа шығаруға, оларды қабылдауға, дамытуға және медианарықтың дамуы үшін пайдалануға таптырмас мүмкіндік болып отыр», - дейді ол.

Форум ұйымдастырушылары, серіктестері шара барысында медиа-қауымдастықтың мәселелеріне қатысты ашық әрі шынайы әңгіме болады деп үміттенуде.



## Қырғызстанның оңтүстігіндегі журналистер Интернетпен жаңа медианы құқыққорғау жұмысында қалай пайдалану керек екендігіне үйренді

1-2 қазан күндері Ош қаласында «Интернет пен жаңа медиа құқыққорғау жұмысында» атты тренинг өтті. Тренингке Қырғызстанның үш аймағы: Ош, Жалал-Абад және Баткент облыстарынан келген құқыққорғау ұйымдары мен БАҚ-тың он бес өкілі қатысты. Олар жаңа медианың негізгі құралдарымен (әлеуметтік желілер, блогтар, форумдар және басқа) таныс болып, оларды адам құқығы бұзылған жағдайда қалай пайдалануға болатындығымен танысты.

Қырғызстандағы жаңалық порталы және ірі блогплатформасы Kloop.kg-тің негізін қалаушы, тренер Бектур Искендер Қырғызстанның оңтүстігінің ерекшелігін ескере отырып, жаңа медианың бірден-бір шынайы ақпарат көзі болып табылатынын айтып кетті. «Менің ойымша, қазір осындай тренингтер өткізетін уақыт, себебі жақына болған оқиғалардан кейін (енді ондай қайталанбасын деп тілейік), құқыққорғаушылардың қолында кез-келген құқықбұзушылық жайлы қоғамға ақпарат беруге мүмкіндік

беретін құралдардың болғаны қажет», - дейді Искандер.

Тренинг бағдарламасына нетворкинг және мобилді Интернетпен жұмыс істеуге байланысты практикалық тапсырмалар енді. Құқыққорғаушылар мен журналистер Twitter микроблог платформасына тіркелді. Сонымен қатар тренинг барысында олар өз блогтарын құрып, оны суреттермен және жазбалармен толтырды.

«Бұл екі күн пайдалы ақпаратқа толы болды. Басында мен мұның бәрін игере алатыныма күмәнмен қарадым, әсіресе техникамен және түрлі интернет-қосымшалармен жұмыс істеу қиынға соқты. Блог құруда да белгілі бір қиындықтарға кезіктім, алайда тренер әрдайым көмекке келіп отырды, соның арқасында мен енді өзімді Интернетте еркін сезінемін», - деді Ош қаласынан келген, «Жемқорлыққа қарсы азаматтар» құқыққорғау орталығының аймақтық өкілдігінің директоры Алияма Шарипова.



Ол тренингке дейін әлеуметтік желілерді мүлде пайдаланбағанын айтты. Енді Facebook пен Twitter-ге аптасына үш-төрт кіріп тұратын болды. «Тренинг барысында мен осы ресурстардың арқасында тез арада жаңалық алмаса алатыныма көзім жетті. Бұл маған үлкен көмек болады. Енді мен біздің орталыққа келіп түсетін ақпаратты қоғамға жылдам жеткізе аламын», - деді Шарипова.

Өз кезегінде «Әділет» ұйымының құқықтық қабылдау жетекшісі Бактыкан Жапарова байланыстың жаңа түрлерінің тиімділігі жайында естігенін айтты. «Тренингте мен әлеуметтік желілер мен Твиттерде жұмыс істеудің ретін үйрендім. Бұның бәрі мен үшін қызық болды. Твиттер төтенше жағдайларда көп көмектеседі. Бізде түрлі заңбұзушылықтар болады, сот жүреді, сондықтан ақпаратты жылдам беру аса маңызды. Алайда компьютер әрдайым қолда бола бермейді, Интернетті де барлық жерден бірдей табу қиын. Кейде ақпаратты жеткізгенше екі күн өтіп кетіп жатады. Міне, осындай жағдайда Твиттер өте ыңғайлы, ол дәл сол жерде, оқиға болған орыннан, ұялы телефон арқылы ақпаратты көпшілікке жеткізуге мүмкіндік береді», - дейді ол.



«Түрлі жас өкілдері ұялы телефонның көмегімен Твиттерге тіркеліп, жазба қосуға мүмкіндік алды. Бұл алда келе жатқан сайлау кезінде елде болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты кеңінен аламыз деген үміт береді», - деді Бектур Искендер.

## ӨЗЕКТІ СҰХБАТ:



*2010 жылдың 28 шілдесінде өзбек соты саяси белсенді, «Бирдамлик» оппозициялық қозғалысының Шахрисабздық бөлімінің мүшесі Азамат Азимовқа қатысты шешім қабылдады. Ол Өзбекстанның Қылмыстық кодексінің 270 бабы 5 б. «Тыйым салынған мәдениетке үгіт жүргізгені» және 273 баптың 5 б. «Есірткі және ақыл-еске әсер ететін заттарды тарату мақсатында дайындау, ұстау және басқа да іс-әрекеттері» үшін жеті жылға бас бостандығынан айрылды.*

IWPR-ға берген сұхбатында «Бирдамлик» оппозициялық қозғалысының ташкенттік бөлімінің жетекшісі Дилором Исхакова Азимов ісінің саяси астары бар екендігін және оны қоғамдық қызметі үшін жазаға тартқаны жайында айтып берді.

**IWPR:** Азамат Азимовтың түрмеге қамалуын сіз немен байланыстырасыз?

**Дилором Исхакова:** Оның тұтқынға алынуы және жеті жылға бас бостандығынан айрылуы саяси қызметінің кесірінен болып отыр. Ол «Бирдамлик» қозғалысының Кашкадария облысындағы [елдің оңтүстігіндегі] бөлімінің жетекшілерінің бірі болды. Біздің съезді ұйымдастыруға дайындық кезінде ол үлкен белсенділік танытты. Сол кезде ол құқыққорғау органдарының көзіне түскен еді. Тұтқынға алынғанына дейін болған дүниенің бәрі осының айғағы. Оның үйіне бақылау орнатылды, жақындарына және өзіне тыңшы арналды. Туыстарын қорқытты. Азимов оқиғасы құқыққорғаушылар мен оппозициялық қозғалыс мүшелерін естір құлаққа жағымсыз себеппен және жазамен қорқытатындығы жайлы менің пікірімді тағы да бір дәлелдеп отыр. Ол есірткі саудасы. Дәл осындай жағдай журналист әрі құқыққорғаушы Салижан Абдурахмановпен болған. Немесе алаяқтық. Мәселен, Агзам Тургунов пен Агзам Фармоновқа қарсы істе осындай жағдай орын алды. Яғни, билік белсенділер мен құқыққорғаушыларды ел алдында алаяқ немесе есірткі сатушы қылып көрсетпек.

Алайда біз Азамат Азимовтың ешқашан есірткі саудасымен айналыспағанын білеміз. Ал Шахрисабз өте кішкентай қала. Егер есірткі саудасымен айналысып жүрген адам болса, ол бірден көзге түсер еді.

Себебі, есірткі саудасымен айналысатын адамдар кедей тұрмайды. Ал Азамат болса қаржылық қиындықтарға тап болып жүрген-ді. Мен оның отбасы кедей тұрады деп айтар едім. Бәріне оның саяси белсенділігі себепші болып отыр. Оны тұтқынға алу барысында орын алған қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларының бұзылуы да осының айғағы. Азаматты бір ауданның құқыққорғау органдарының қызметкерлері тұтқынға алса, келесі бір ауданның бөлімшесіне жеткізген, ал үшінші ауданда сот үкімін шығарған.

Төрт ай бойы ол тұтқында болды, тіпті адвокаттардың өзі оның болашағы мен жағдайы туралы бейхабар болып келді. Милиция Азаматтың туы-

стары мен жақындарын қорқытып тастағаны соншалық, олар өздері-ақ онымен сөйлесуден бас тартты. «Бирдамлик» қозғалысының өкілі Азаматтың үйіне келгенде, оның туыстары есік ашудан да бас тартты. Өздерінің айтуынша, оларға қандай да бір материалдар жарияласа, қоғамда резонанс туындаса, құқыққорғаушыларға байланысқа шықса, билік Азаматты түрмеден аман шығармау үшін бәріне баратындығын айтып ескерткен. Ал олар үндемесе, Азаматтың босып шығуы мүмкін деген. Туыстары мен жақындары осыған сеніп, құқыққорғаушылардың айтқаны бойынша жүріп отырған. Алайда, осының бәріне қарамастан Азаматқа жеті жыл беріп отыр.

**IWPR:** Азимов қашаннан бері «Бирдамлик» қозғалысының мүшесі болып келеді?

**Исхакова:** Жақында оның «Бирдамлик» қатарына қосылғанына екі жыл болады, ал белсенді түрде қызметке көшкені өткен жылдың қарашасында басталған-ды, сол кезде ол көзге түсіп қалды. Қазір болып отырған жайттың бәрі соның салдары.

## АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ

### Тәжікстан: боевиктермен күрестің жаңа тәсілі

*Шабуыл нәтижесінде үкіметтік күштердің 25 солдаты қаза тапты, бұл елдегі жағдай тұрақтылығы мен шекара арқылы келген исламистерге қатысты көптеген сұрақтар туғызды*

Үкіметтік күштер елдің шығысындағы қарулы топтарды жоюға қатысты шаралар қолданып жатқан тұста, 25 солдат қаза тапқан оқиғадан кейін, боевиктерге қатысты сарапшылардың пікірі бір жерден шықпай отыр.

IWPR зерттеуі көрсеткендей, Тәжікстанда 1992-1995 жылдары болған азаматтық соғыс кезінде өздерін көрсеткен Біріккен тәжік оппозициясының бұрынғы командирі бастаған жергілікті әскери күш қарсылық танытуда.

Талибандарға қатысы бар Өзбекстанның ислам қозғалысының (ӨИҚ) шабуылды ұйымдастыруға қатысы бар екендігіне байланысты жасаған мәлімдемесі нақтылықты қажет етеді, алайда белгілі бір шындық бар екені даусыз, себебі ӨИҚ тәжік топтарымен байланыс ұстайды, сондықтан оларды белсенді іс-әрекетке көшіру үшін өз агенттерін жіберуі мүмкін.

Шабуыл 19 қыркүйек күні, солдаттары бар жүк мәшинесі ел астанасы Душанбеден шығыс бағытта 180 шақырым қашықтықта орналасқан Рашт жазығында, Камароб шатқалы арқылы өтіп бара жатқан кезде орын алған. Брондалмаған жүк мәшинелері оқ астында қалып, 25 солдат қаза тапты, 11-і жарақат алды.

Әскери күштер блокбекеттер бойынша орналастырылды, бұл бекеттер Душанбедегі қатаң тәртіпті түрмеден тамыз айында қашқан тұтқындарды ұстауға арналғанды. Қашып кеткендердің көпшілігі 2009 жылы тұтқынға алынған 46 адамның ішінен болып отыр. Олар үкіметтік күштер Тәжікстанның шығысында орналасқан қарулы топтарды қолға түсіру барсында тұтқынға алынған еді. (Бұл туралы толық ақпаратты Тәжікстанның оңтүстік жазығын тәубесіне келтіру мақаласынан оқыңыз). Тәжікстанның қорғаныс Министрлігі мен Мемлекеттік

**IWPR:** КОсы істен кейін «Бирдамлик» қозғалысының өзге белсенділері мен Өзбекстандағы құқыққорғау жұмысына байланысы бар адамдар қандай қадамға бармақ? Тағы да тұтқындаулар болуы мүмкін деген қауіп бар ма?

**Исхакова:** Әрине, жағдай өзгере қоймасы анық. Бірақ, ешкімнің де қорқып-үрікпесі белгілі. Себебі, Өзбекстанда бәрі әу баста-ақ анықталып қойылған. Егер біреу белсенді түрде әрекетке көшсе немесе қандай да бір оппозициялық партияның мүшесі болса, Азимовтың басынан өткен жайтқа ол да кезігуі мүмкін. Аман-сау жүруге ешқайсымыз кепілдік бере алмаймыз. Оппозиционерлер мен құқыққорғаушылардың арасында сотталмаған адам кемде-кем. Мысалы, менің алдын-ала ойластырылған екі ісім бар, біреуінде мен мемлекеттік төңкеріс «жасамақ» болғанмын, екіншісінде адам өлтірмек «ниет танытқанмын». Егер қандай да бір айып тағылмаса, ол болашақтың еншісінде. Алайда, мұның бәрі саяси тұрғыда белсенді адамдардың өзгеше ойлайтындығы мен әділдік күресі үшін қуғынға ұшырауының айқын көрінісі. Бірақ, біз жұмысымызды тоқтатпаймыз.

ұлттық қауіпсіздік комитеті аталған шабуылды Рашттегі ұйымдасқан қылмысқа қарсы бөлімнің бұрынғы басшысы Мирзоходжи Ахмадовтың боевиктік тобы және Мулло Абдулло мен Алловиддин Давлатов ұйымдастырды деп мәлімдеді. Бұл топ лаңкестік әрекеттерді ұйымдастыру үшін жастардың арасынан адамдар таңдап алып отырған дейді құқыққорғау органдарының өкілдері.

Арнайы қызмет Гармаға жақын орналасқан Ахмадовтың үйіне басып кіріп, күдікті деген бес боевикті өлтірді, жасырын орыннан табылған қару-жарақты тәркіледі.

Үкіметтік күштер жергілікті белсенділер мен олардың сол жердегі шетелдік жақтастарын қуғындауға көшті. Жергілікті тұлға 22 қыркүйек күні IWPR-ға жағдайдың ушығып келе жатқанын, әскери техниканың Гарм мен Камароб шатқалы арасында тынбай жүріп жатқанын айтты. Тағы бір жергілікті тұрғын ауылдан шығуға және ауылға кіруге тыйым салынғандығын жеткізді.

#### Дұшпандық ниет қайдан пайда болды?

Елдің батысындағы таулы аймақтарда күшейіп келе жатқан көңіл аударатын құбылысы 1992-97 жылдары болағна азаматтық соғысты еске түсіреді. Сол кезде отрядтарын Тәжікстанның ислами жаңғыру партиясы (ТИЖП) бастаған біріккен тәжік оппозициясы (БТО) елдегі коммунистік билікті қолына алған жаңа билікке қарсы күрес ашқан болатын.

Бұл жанжал екі жақтың келісімге келуімен аяқталды, боевиктер қаруларын тастап, тарапты, ТИЖП заңды түрде қызмет ететін оппозициялық партияға айналды, ал БТОның бұрынғы әскери командирлеріне мемлекеттік қызмет берілді.

Тәжікстан үкіметі жариялаған, осы оқиғаның басы-қасында жүрді дегендердің тізімі қанды жайттарға алып келген себептердің қайдан шыққанын көрсетіп отыр. Жекелеп алғанда, БТО-ның тұрынғы командирлерінің аты-жөндері аталды, олар орталық үкіметтен жалыққан сыңайлы және жергілікті тұрғындардың қолдауына ие, сонымен қатар олар сол аймақтағы адамдарды қаруландыра да алады.

Ал Пәкістан мен Ауғанстанды орналасқан деп келінген ӨИҚ солдаттарға жасалған шабуылдың артында біз тұрмыз деп мәлімдеме жасаған соң жағдай тіпті де шиелінісіп кетті.

Азат Еуропа радиосы / Азаттық радиосының тәжік қызметіне жіберілген видеомәлімдемеде өзін ӨИҚ-ның өкілі Абдуфаттох Ахмади деп таныстырған ер адам көрсетілген. Ол аталған шабуылдың мешіттерді жапқаны үшін, мұсылмандарды түрмеге қамағаны үшін және ислам кимімін киюге тыйым салғаны үшін тәжік үкіметіне жасалынған кек қайтару екенін айтты.

Осындай қайшылық пен жалпы ақпараттық болмауына байланысты біреулер үкіметті қылмыскерлердің жеке тұлғасына қатысты асығыс шешім қабылдады деп кінәлап жатты.



Енд біреулер үкімет елдің шығысында болған қатаң операцияны ақтап алу үшін талған ақпаратты әдейі таратты деген пікір білдірді. Алайда мәскеулік Орталық Азия бойынша сарапшы Санобар Шерматова тәжік билігінің қарулы қауіп туралы әдейі ойлап тапқандығы жайлы айту қате екендігін айтты. «Бұлай болуы мүмкін емес», - деді ол.

Бірқатар сарапшылар ӨИҚ Орталық Азияда атақтарын шығару үшін жалған мәлімдеме жасады деп күдіктенеді. Бұл қозғалыс осы аймақта алғаш рет құрылып, 1999-2000 жылдары аралығында бірнеше рейд жүргізген болатын.

«ӨИҚ не демейді, олар да құр сөзден басқа дым да жоқ. Мен қазір Раштта шетелдіктердің жоқ екеніне сенімдімін, бар болса да олар аз, сондықтан олар туралы айтуға да тұрмайды». – деді «Азия Плюс» газетінің редакторы Марат Мамадшаев.

Алайда Шерматова бұл шабуылдың артында жергілікті топтар немесе ӨИҚ тұрғандығын елемей тастауға болмайды деп отыр.

«Мүмкін бұл істің артында шынымен де ӨИҚ тұрған шығар, мүмкін оны қаруын тастамаған, ӨИҚ-мен байланысы бар жергілікті тұрғындар ұйымдастырған шығар», - дейді ол.

Тәжікстанның күштік құрылымындарында қызмет істейтін тұлға IWPR-мен болған әңгімеде азаматтық соғыс кезінде БТО-ның базалары орналасқан елдің шығысындағы иаулы аймақтардағы далалық командирлердің әлі де болса күш-қуатқа ие екендігін, оларды назарға алмай қоймауға болмайтындығын айтты. Ұзақ жылдар бойы билік оларға көз жұма қарап келді, себебі олардың назарында басқа дүние болды.

«Бейбіт келісімнен кейін [1997 жыл] билік БТО-ның бұрынғы командирлерінің көптеген қылмыстарына көз жұма қарады, оларды түрлі мәнсаппен, фабрикалармен, есірткі саудасы арқылы баю жолдарымен «сатып алуға» тырысты. Осы уақттың ішінде, күндіз билік тек көз үшін қандай да бір қадамдарға баратын, аудан орталықтарында шенеуніктер, милиционерлер, басқа да билік өкілдерін байқауға болатын, ал қараңғылық түсісімен барлық билік БТО-ның бұрынғы боевиктерінің қолына өтетін», - деді аты-жөнін атамауды өтінген ақпарат көзі.

2007 жылы болған көмір өндіру орнындағы қытайлық мекемеге жасалынған шабуыл мен 2008 жылы ОМОН командирі Ахмадовтың қолынан қаза тапты-мыс деген секілді оқиғалардан кейін мұндай жағдайдың беті ашылды. Ахмадовты қазір Рашт жазығындағы боевиктер тобын басқарып отыр деп айыптауда.

Азаматтық соғыс кезінде Ахмадов БТО-ның далалық командирі болған еді, алайда 1997 жылы болған бейбіт келісімнен кейін ол Рашттегі ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөлімінің басшысы болды. 2008 жылдың басына дейін осы жағдай сақталып келді, осы кезде Гармге Ахмадовты ұстауға ОМОН жіберілді, ал олардың командирі қаза тапты. (Оқыңыз: Тәжікстандағы қаза елдің өткен тарихын еске салуда)

IWPR-дың күштік құрылымдағы ақпарат көзі ОМОН командирінің өлімін зерттеу ашық түрде жүрген жоқ, билік күшейіп келе жатқан қауіптің алдын-алу үшін ештеңе істемеді дейді

Алайда, 2009 жылдың көктемінде тауда жүрген қарулы адамдар туралы хабар түскен кезде (олардың арасында ұзақ жылдар бойы Ауғанстан мен Пәкістанда жүрген, елге оралған Мулло Абдулло да бар), билік есін жиып, әскери операция жүргізуге бел буады, бұл операция кезінде белгісіз жағдайларда Мирзо Зиёев қаза табады.

«Осыдан кейін билік бақылауды күшейте түспек болды, бұл бұрынғы дала командирлерінің сақтығын бірден арттырды. Ол жандарына БТО-ның юурынғы боевиктерін жинай бастады, сонымен қатар жастар арасынан да адам алды», - дейді IWPR-дың ақпарат көзі.

Жақында болған толқулар туғызған қауіп ӨИҚ-ның аталған шабуылға қатысы бары бұлтартпас дәлелдермен дәлелденген болса, айтарлықтай жоғары болар еді.

Үкіметтің Мулло Абдуллоның солдаттарға жасалған шабуылға қатысы барлығы жайлы оның ӨИҚ-қа тікелей қатысы барлығын білдіретіндей. Бізге белгілі болғанындай, БТО-ның бұрынғы командирі Ауғанстан мен Пәкістанда ұзақ жылдар бойы ӨИҚ-мен бірге жүрген. Шын есімі Абдулло Рахимов делінетін Мулло Абдулло сонымен қатар өткен жылы Тәжікстанның шығысында көзге түскен (Оқыңыз «Тәжікстан тауларында елес қуу»).

IWPR-дың ақпарат көзі Тәжікстанның шығысындағы қарулы боевиктер тобы туралы әңгімесінде ол жерде ӨИҚ-ның өкілдері болған сыңайлы, алайда шешуші рөлге ие болған олар емес деді.

Сонымен қатар, БТО-ның бұрынғы боевиктері өз топтарын қайта құрып жатқан кезде, ӨИҚ-ның мүшелері Ауғанстанның солтүстігіне енген болатын. Тәжікстаннан айтарлықтай қашықтықта орналасқан Пәкістанда ұзақ жылдар бойы жүрген ӨИҚ жаңа орынды тәжікстандық бұрынғы командирлермен байланысқа шығу үшін пайдаланды. ӨИҚ-ын Тәжікстандағы азамат соғысы кезінде БТО-ның жағында шайқасқан өзбек боевиктері құрған болатын. Осылайша екі елдің қарулы топтарының ортақ тарихи байланысы бар еді.

«Бұл кезде көршілес Ауғанстан мен Пәкістанда жағдай ушығып келе жатқан болатын. Пәкістанның коалицисы мен әскері Талибан қозғалысының әскери құрамын, атап айтқанда ӨИҚ-н жоюға әрекеттеніп жатты, ал олар болса Тәжікстанмен шекаралас Ауғанстанның аймақтарына ауысып жатқан-ды. Оның жекелеген мүшелері, олардың арасында БТО-ның бұрынғы командирлерімен кездесіп, оларды қолына қайта қару алуға шақырған Мулло Абдулло да бар, күзет «орнатылған» деген жерлер арқылы шекарадан өтіп кетіп жатты», - деді IWPR-дың ақпарат көзі.

Ал жақында ұйымдастырылған шабуыл жайында ол «ӨИҚ-ның аталған оқиғаға қатысы бар екендігін, алайда оны негізгі жүзеге асырушылар біздің «моджахедтер» болды» дейді.

### Дағдарыстық жағдайдан еппен шығу керек

Тәжікстанның шығысындағы дағдарыстық жағдай үкімет шешетін жалғыз мәселе емес.

Елдің солтүстігіндегі 3 қыркүйек күні Худжант қаласындағы болған лаңкестік әрекеттің салдарынан милицияның екі қызметкері қаза тапты, 25 адам жарақат алды. Екі жанкешті қылмысқа қарсы күрес бойынша аймақтық бөлімнің ғимаратының ауласына жарылғыш зат толтырылған көлікті айдап кіргізген. Билік аталған оқиға бойынша ӨИҚ-н айыптап отыр, алайда бұл ұйым жарылыс үшін жауапкершілікті мойындарын алар емес.

Үш күннен соң ел астанасы Душанбедегі түнгі клубта жарылыс салдарынан бес адам жарақат алды. Кейін милиция бұл әрекеттің лаңкестік оқиға емес екенін мәлімдеді.

Ауғанстанмен екі арадығы шекараның тұрақсыздығының бір белгісі тәжік шекарашыларының 11 қыркүйек күні кем дегенде Талибан қозғалысының 20 мүшесін өлтіргені, өздерінің бір қызметкерін жоғалтқаны жайындағы мәлімдемесі болып отыр.

Сарапшылар Рашт жазығында болып жатқан оқиғалардың ауқымына, кінәлілерді анықтауға және не істеу керектігіне байланысты бір пікірге келе алмауда.

«Америка дауысы» радиосының коментаторы Ахмадшон Комилзода қарулы топтар шын мәнінде қауіп төндіріп отыр дейді.

«Үкімет жергілікті тұрғындармен бірлесе отырып, күш біріктіріп бұл топтарды жобалар қажет, не олармен қантөгісті тоқтату үшін келісімге келулері керек», - деді ол.

IWPR-дың күштік құрылымдардағы ақпарат көзі үкімет жергілікті тұрғындармен тығыз байланыс орнатуы қажет деп санайды.

«Билік ең алдымен ақпараттық соғыста жеңске жетуі керек, сонда қоғам Раште не болып жатқанын біледі, ал қоғамның үнсіздігі, еренсіздігі жаңа қантөгістерге алып келуі мүмкін», - дейді ол.

Алайда ешкім оқиға қауіпті түрде өріс алады немесе 90-шы жылдардағы оқиға қайталанар деп ойламайды.



«Азаматтық соғыс үшін қажетті жадай елде жоқ. 90-шы жылдары соғыс аймақтық саяси топтардың билікке таласынан басталған болатын. Қазір биліктен ешкім дәмәтіп отырған жоқ. Билікке көңілі толмайтын адамдар бар болуы мүмкін, алайда орталықты бәрі бірдей мойындайтыны сөзсіз. Оның үстіне, қоғам боевиктерді қолдамайды», - деді Рашид Гани Абдулло.

**Лола Олимова –Тәжікстандағы IWPR редакторы. Наргис Хамрабаева – IWPR тренингтерінен өткен Тәжікстандағы репортер.**

## Өзбекстан үкіметі еңбек миграциясын жоққа шығаруда

*Биліктің еңбек миграциясы мәселесін мойындағысы келмеуі тиімді қорғаныстың негізгі кедергісі болып отыр*

Шет елдерде жұмыс жасайтын жүздеген мың өзбек бірде-бір жолмен қорғалмаған, себебі билік еңбек миграциясын мойындамай отыр дейді құқыққорғаушылар.

Өзбекстанның еңбек күші көршілес Тәжікстан мен Қырғызстанның еңбек күші секілді соңғы жылдары шет елге көптеп кетіп жатыр. Елдегі ауыр экономикалық жағдайдан шығу үшін адамдар Ресей мен Қазақстанда ақша табу мақсатында жүр.

Осының бәріне қарамастан, Тәжікстан мен Қырғызстанның билігі секілді емес, Өзбекстанның билігі азаматтардың ақша табу мақсатында шет елге жаппай кетуін мойындамай отыр (сонымен қатар, үкімет мигранттардың үйлеріне айтарлықтай сомадағы ақша салатынына да көз жұма қарап отыр), себебі билік ел экономикасы қарыштап дамуда деген пікірден танбай келеді. Осының бәрінің нәтижесінде билік еңбек мигранттарының құқығын сақтамай отыр, оларға жәрдемақы мен зейнетақы бермей келеді, ал ел азаматтары шет елде қиындықтарға тап болғанда қолдау білдірмейді.

Билік мигранттардың негізгі бөлігі заңсыз жүргендіктен, оларды біреу шет елде өлтіріп кетсе, не қиындықтарға тап болса араласуды қажет деп таппайтын сыңайлы.

### Билік азаматтардың шет елге жаппай кетуінің ауқымын кемітіп көрсетуде

Өзбекстанның еңбек және халықты әлеуметтік қамтамасыздандыру министрлігінің жанындағы сыртқы еңбек миграциясы мәселесі бойынша Агенттіктің өкілдерінің айтуынша, шет елде еңбек етіп жүргендерді саны бірнеше мыңнан аспайды. Алайда Өзбекстанның тәуелсіз құқыққорғаушыларының бастамашыл Тобының мәліметтеріне қарағанда, жалпы халық саны 28 миллион болатын Өзбекстанның екі ден бес миллионға дейінгі азаматы шет елде, негізінен Ресей мен Қазақстанда, қала берді Біріккен Араб Әмірліктері мен Оңтүстік Кореяда күн көрудің қамымен жүр.

АҚШ-та тұратын өзбекстандық срапашы Ташпулат Юлдашев еңбек күшінің шет елге кетуі мигранттардың отбасыларына жіберетін ақша аударылымдары арқылы ел экономикасын оң ықпал етіп ғана қоймай, жұмыссыздық салдарынан туындаған әлеуметтік қысымды азайтады дейді.

«Әр мигрант жылына кем дегенде 1500 доллар жібереді, бұл оның Өзбекстанда қалған отбасы үшін үлкен ақша. Алған жалақысынан бөлек мигранттар жаңа идеяларға ие болады, іс жүргізу тәсілдерін үйренеді, олардың кейбірі тіпті елге оралған соң өз бизнестерін ашып, жүргізуде», - дейді ол.

Алайда мұндай жағдай мойындалмай отыр. Өзбекстанның үкіметі ел экономикасының күннен-күнге нығайып, күшейіп келе жатқанын айтудан танбайды. Ал шын мәнінде Ресейге жұмыс табу мақсатында кетіп жатқан адамдардың саны күннен-күнге артуда.

Өзбекстанның тәуелсіздік күні 1 қыркүйекте президент Ислам Кәрімов халыққа арнаған сөзінде 1990 жыл меел ЖІӨ-ні 250%-ға өсті деп мәлімдеді. Оның сөзіне қарағанда 2010 жылы елдегі орта көлемдегі жалақы 500 доллардың көлемінде болмақ. Алайда бұл көрсеткішке қол жеткізу мүмкін еместей көрінеді, себебі үкіметтің маусым айында бепрген мәліметтеріне қарағанда елдегі орта жалақы 200 доллардың амасында болған, мұның өзі ресми валюта курсы жоғары көрсеткішпен алғанда болатын сан.



«Ташкент ұзақжылдар бойы үлкен экономикалық дамумен мақтанып келе жатыр, жыл сайын үкімет миллиондаған жұмыс орны ашылды деп хабарлайды, жұмыссыздықтың жоғары деңгейін мойындамайды. Осыған қарамастан, Өзбекстан бұрынғы кеңестік мемлекеттерге, жалпы шет елге, әсіресе Ресейге, жұмыссыздар жіберуден алдыңғы орында келеді», - дейді Юлдашев.

Өзбекстандағы «Эзгулик» құқыққорғау ұйымының өкілі Абдурахмон Ташанов былай дейді: «Осы көз алдаудың бәрі елдегі тұрақтылықтың жалған бейнесі ғана. Биліктің қырсықтығының кесірінен мигранттар ең төменгі әлеуметтік кепілдіктерден айрылып отыр».

IWPR ақпарат алу үшін Өзбекстанның еңбек миграциясы бойынша Агенттігімен байланысқа шыққанда, олардың өкілі аты-жөнін айтудан қашқақтап, ақпарат беруден бас тартты және мұндай мәселенің бар екендігін сойындамады.

«Ешқандай еңбек күшінің ағылуы жоқ. Бәрі де қалыпты жағдайда. Миграция құқықтық шеңбер аясында жүруде. Заңсыз кеткендер бар, бірақ олармен біз айналыспаймыз», - деді ол.

### Заң аясынан тыс мигранттар

Жоғарыда келтіріліп отырған пікірлер бір нәрсені анық көрсетеді: Өзбекстаннан заңды түрде жұмыс мигранты ретінде тіркеліп шығу процедурасының қиындығы сондай, азаматтардың көпшілігі шет елге заңсыз кетуді жөн көреді.

Сарапшылардың жұмысшы тобы, Өзбекстандағы сарапшылардың үкіметтік емес лигасы заңды түрде

тіркелуге кететін процесс екі апта уақытты алады және жалақысы аз немесе жұмыссыз адамдар үшін тым қымбатқа түседі.

Қалай болғанда да миграция бойынша Агенттік арыз беруші азаматтардың бәрін ебірдей шет елден жұмыс тауып бере алмасы анық. Сондықтан, халық Ресейге тәуекел етіп, заңсыз жолмен баруға мәжбүр. Олар кейде жұмысқа тұрғызу бойынша жекеменшік өзбектік агенттіктерге шығады, ал олар болса жұмысқа тұрғызу бойынша уәделерінде тұрмауы да мүмкін.

Өзбекстанның Хорезм облысында орналасқан «Нажот» құқыққорғау тобының төрағасы Хайитбой Якубов егер адам бірнеше жыл шет елде жұмыс жасап келсе, ол елдегі әлеуметтік қамтамасыздандыру жүйесінен заңды не заңсыз жұмыс істегеніне қарамастан шығып қалады. Кеңес одағы кезінен келе жатқан бюрократиялық жүйе адамдардан шет елде жүріп алу мүмкін емес құжаттарды талап етеді.



«Егер кімде-кім шет елде жұмыс жасап жүрсе, ақшасын алады, алайда елге оралысымен әлеуметтік ақыға қол жеткізе алмайды, мәселен зейнетақыны алайық, оны алу үшін Өзбекстанда жұмыс жасаған немесе осы елде зейнетақы қорына ақша аударғаны жайында құжаттар керек. Ал мұндай мұндай құжаттар еңбек мигрантарында жоқ», - дейді Якубов. Ол сонымен қатар осы себепті мигранттың үйіндегі кәмелеттік жасқа толмаған балалары үшін оның әйелі жәрдемақы ала алмайтындығын жеткізді.

#### **Үкімет шет елде жүрген отандастырын қорғауға деген ниетін танытуы тиіс**

Өзбекстандық мигранттар Тәжікстан мен Қырғызстан мигранттары секілді шет елде ақысы аз құрылыс, ферма, орман өндірісі, қоғамдық тамақтандыру секілді орындарда жұмыс жасайды.

Юлдашевтің сөзіне қарағанда, олардың көпшілігі күніне 15 сағаттан жұмыс жасайды, аптасына алты күн еңбек етеді, «жертөлелер мен адамның өмір сүруі қиын орындарда немесе жыл бойы шатырларда өмір сүреді».

Заңсыз жұмысшылар өздері жүрген елдің заңымен қорғалмайды, тек жұмыс берушінің қас-қабағына қарап жүріп-тұруға мәжбүр болады. Олар әділетсіздік көргені үшін немесе жұмыс барысында жарақат алғаны үшін өтемақы немесе ең төменгі жалақы талап ете алмайды.

Сонымен қатар, олар депортациямен қорқытып-үркітетін құқыққорғау органдарының алдында да әлсіз, олардың балағаттауларына қарсылық білдіре алмайды.

«Бізді жұмысқа алған адамға біздің заңсыз жүргеніміз пайдалы. Біздің ешқандай құқығымыз жоқ, жалақыны аз төлейді, жөнді тамақ бермейді, қалай-болса солай сөйлеседі», - дейді Қазақстанда жұмыс жасап жүрген Шавкат Азизов атты өзбек.

Қазақстандағы Алматы қаласының саясаттанушысы Досым Сәтпаев былай дейді: «Өзбек гастербайтерларының құқығы аяққа тапталып тұрған кезде, олар Ресейде жұмыс істеу үшін күштік құрылым өкілдеріне ақша төлеуден тартынбай отыр. Бір қызығы...заңсыз жүрген мигранттардың саны артуда».

Жұмыс мигранттарының құқығының бұзылуы Өзбекстанның емес, оларды қабылдаушы мемлекеттің мәселесі. Алайда Өзбекстан билігі Тәжікстан мен Қырғызстан басшылығы секілді өз азаматтарының құқығын қорғауға әрекет жасамауда. Аталған екі елдің билігі ең болмаса заңды жолмен жүрген мигранттардың құқығының сақталуы үшін Мәскеумен келіссөздер жүргізуде.

Өзбекстанның миграция бойынша Агенттігі Ресеймен 2007 жылы жасалынған Өзбекстан азаматтарының құқығы мен мүддесін қорғауға кепілдік беретін келісім-шартты алға тартады.

Алайда, құқыққорғаушылар үкіметтің еңбек миграциясының барлық жақтарын қамтитын (жұмыс іздеуден елге қайтқанға дейінгі) халықаралық келісімге қосылғанын қалайды. Әңгіме БҰҰ-ның 1990 жылғы еңбек-мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқығын қорғау туралы Конвенция, миграция саласындағы шектен шығушылық және еңбек-мигранттарын тең мүмкіндікпен және қарым-қатынаспен қамтамасыз ету туралы Конвенция секілді құжаттар туралы болып отыр.

Шет елде жұмыс жасайтын Орталық Азиядан шыққандар қасіретті жағдайларға алып келетін қауіпті жағдайда жүріп қана қоймай, Ресейдегі расистер тарапынан қысым көретін топқа жатады.

Мәскеуде орналасқан адам құқығы Бюросы өткен жылы Ресейде 11 өзбектің қаза тапқаны және алтауының ауыр жарақаттанғаны жайлы хабарлады. «Нажот» құқыққорғау тобының мәліметтеріне қарағанда, осы жазда тағы төрт мигранттың қаза тапқан.

Ресейлік Новосібір қаласында жүрген, өзін Бахром деп таныстырған мигрант IWPR-ға өзбек мигранттарының жоғалып кету тенденциясы өсіп келе жатқанын айтты. Олардың туыстары жергілікті құқыққорғау органдарынан көмек сұрайды, алайда оның нәтиже беретін түрі жоқ деді ол.

Якубовтың сөзіне қарағанда, кісі қолынан қаза тапқандар мен жоғалып кетулердің көпшілігіне байланысты ел билігі қандай да бір қадамға бара қоймайды.

Ол өзбек үкіметінің шенеуніктері ресми түрде ресейлік не қазақстандық әріптестеріне байланысқа шығып, осындай істерді ашуға өтінсе, қылмыстық істердің ашылуы



мүмкіндігі артар еді деген сенімде. Алайда, өз тәжірибеме қарай отырып, мұндайдың ешқашан болмағанын айта аламын дейді ол.

«Өзбекстанның Бас прокуратурасында еңбек мигранттарымен жұмыс жасайтын бөлім бар. Біз оларға жоғалып кеткен мигранттарды іздеуді өтініп жүздеген хат жаздық. Өкінішке орай, қазір мен не прокуратура не басқа бір

үкіметтік агенттіктің іздеуге көмектескені жайлы мысал келтіре алмаймын. Олар бізге мүлде жауап бермейді деседе болады. Тек бір рет қана жауап алдық, оның өзінде олар мигрант елден шығарда ескертпей кеткендіктен ештеңе істей алмаймыз деп айтты», - дейді Якубов.

Билік мигранттардың шет елде жоғалып кеткеніне араласып қана қоймай, Өзбекстанның өзінде мигранттардың құқығын елден шықпай тұрып-ақ қорғауды қамтамасыз етсе жақсы болар еді дейді Якубов. Мысалы, олардың жалақысы және төтенше жағдайлар бойынша қорды жабуға түсетін ақшаға арналған банк шоттарын ашып берсе.

«Егер мигранттар заңды түрде жұмыс тапса, олар елшілікке белгілі болар еді, Өзбекстан үкіметіне әлеуметтік аударым жасап тұрар еді, ал билік олардың өмірін қорғауға мүдделілік танытып, жоғалған жағдайда оларды табуға ақша шығарар еді», - деді ол.

**Шохида Сарварова және Камилла Абдуллаева – Өзбекстандағы журналистердің лақап аттары.**

## ҚАЗАҚСТАН



### Қазақстан: жаңа заң ақпаратқа қол жеткізу жолдарын жеңілдетуге бағытталған

Енді шенеуніктердің «құпия» белгісіне және заңды білмеуіне байланысты ақпарат беруден бас тартуы қиынға соғады.

Қазақстанда қарастырылып жатқан жаңа заңнама азаматтардың бұқаралық ақпаратқа қол жеткізуін жеңілдетіп, осы жүйені бұрынғыдан да айқынырақ, анығырақ болуына ықпал етуі мүмкін.

Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заң жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар тамыз айында Қазақстанның түрлі аймақтарында өтті. Қыркүйек айында өтуі тиіс конференция айтылған ұсыныстар бойынша нәтиже шығарып, оны Байланыс және ақпарат министрлігіне заң жобасына қосу үшін береді. Бұдан соң заңжобасы өңделіп, парламентке жіберіледі.

Заң жобасын қарастырудың бастамашысы және қоғам өкілдерінің пікірін білу жөніндегі жаңашыл идея авторы Қазақстандағы БҰҰ (БҰҰДБ) кеңсесі болды. Жергілікті азаматтық ұйымдар және БАҚ-н дамытуға бағытталған ұйымдар (оның ішінде IWPR да бар) талқылауға белсене қатысты, нәтижесінде заң жобасының алғашқы нұсқасы пайда болды.

Мұндай заңды қабылдауға деген қажеттіліктің бар екендігін үкімет те, ҰЕҰ-дары да мойындап отыр. Өзінің жыл сайынғы халыққа арнаған сөзінде президент Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік органдардың

жұмысының бұрынғыға қарағанда айқын және бақылауда болуына шақырды.

Қазақстанның түрлі мемлекеттік мекемелері әдетте өз жұмыстарын талқылаудан және есеп беруге байланысты сұрақтардан қашақтайды. Қарапайым азаматтар ақпаратқа қол жеткізу үшін күреске бара бермейді, себебі олардың ақпарат алмақ болған ниеттері жоққа шығады.



Жаңа заң жобасына байланысты ұсыныстардың ішінде үкіметтік институттарға ақпарат беруге арналған уақытты қысқарту, материалды түсініксіз себеппен жасырып қалмау үшін құпия түсінігінің нақты анықтамасын беру және ауызша жіберілген ақпаратты алуға деген сұранымның жазбаша сұраным секілді дәрежеде қабылдануы секілді ұсыныстар бар.

Сонымен қатар, Қазақстан Конституциясында жазылған айқындық принциптері мен негізгі құқықтарға қарама-қайшы келетін өзге де заңдар болса, оларға да өзгерістер енгізу қажет болады. Қазіргі күні шенеуніктер ақпарат алуға деген құқықты шектейтін түрлі заңнамаларға сүйенуді әдетке айналдырған.



БАҚ-ын дамыту бойынша ұйым Интерьюс-Қазақстанның заңгері Гүлмира Қожекеева IWPR-мен болған әңгімеде бүгінгі күні ақпаратқа қол жеткізу мәселелерінің барлығын қамтитын бірде бір нормативті актінің жоқ екенін айтады. Оның орнына көптеген заң, нұсқау және қаулылар бар.

«Ақпаратқа қол жеткізу мәселесі азаматтар үшін де, жекелеп алғанда журналистер үшін де өзекті сипат алып отыр», - дейді Қожекеева.

Шенеуніктерге ақпарат алу үшін хабарласқанда, олар ашық түрде жауап беруден бас тартады, не толық жауап бермейді, не ақпараттың құпия немесе қол жеткізудің мүмкін еместігін айтып жалтарады, я бұл сұраққа жауап беруге құзырлы емес екендіктерін айтады дейді заңгер.

Мұның бәрі азаматтардың өздерін қандай да бір қадамға бара алмайтын әлсіз ретінде сезінуге мәжбүр қылып отыр дейді ол. Жауап беруден бас тартуға қарсылық танытқандар ақпаратты айлар бойы ала алмауы мүмкін

және оның ісі сәтті шешіледі деп те айтуға болмайды. Соңғы жылдары болған журналистердің он қарсылық білдіруінің тек екеуі ғана қанағаттандырылған.

Алматылық заңгер Игорь Лоскутов «құпия» белгісі ақпаратты жасыру үшін жиі қолданылады дейді.

«Мысалы, Қазақстанда азаматтыққа [қазақстандық] қабыл алыну немесе оны беруден бас тарту жайлы президенттің нұсқауын не газеттерден, не базалардан табу мүмкін емес», - дейді ол, бұл құжаттардың еш құпиялығы жоқ екеніне назар аударып.

Лоскутов ақпарат туралы заң мемлекеттік қаржыны игеруге жүргізілетін қоғамдық бақылауға оң ықпалын тигізу үшін қажетті құрал бола алады деп тұжырым жасайды. Ол үшін әрине заңнаманың мүлтіксіз орындалуына және заңда бұзған мемлекеттік институттардың міндетті түрде жазаланатынына кепілдік болуы керек дейді.

Пікір айтушылар Қазақстанның ақпарат еркіндігіне деген сұраныстың артуына байланысты әлемдік тенденцияға ілесуі керек дейді, оның үстіне технологиялық прогресс бұған мүмкіндік беріп отыр.

«Тіпті журналистерге белгілі бір мәліметтерді газетте, телевизияда, радиода журналистерге жариялауға тыйым салса да, қалаған адамдардың бәрі өзге балама жолдар арқылы ақпарат ала алады, оған, мысалы, Интернетті жатқызса болады» - дейді Қожекеева.

Заңжобасын талқылауға және одан кейін болған кеңес берулерге көмектескен БҰҰДБ ұйымының жоба менеджері Әлия Дуганова бүгінгі күні негізгі принцип адамдардың жалпыға бірдей ақпаратты оның қандай мақсатта керек екенін айтпай алуға деген құқығының бұзылмауына келіп саяды дейді.

Нәтижесінде «аталған заң жобасының қабылдануы мерзімдік басылымдар және Интернет арқылы азаматтарға қажетті ақпараттың көлемінің өсуіне әкелді деп ойлаймын» дейді ол. «Жаңа заң адамдардың санасына әсер етіп, Қазақстандағы жалпы адам құқығын қорғау мен ақпаратқа қол жеткізуге байланысты жағдайға ықпал жасайды» деді ол.

**Ярослава Науменко, IWPR тренингтерінен өткен Қазақстандағы журналист.**

## Қазақстан адам құқығына қатысты алғанда ЕҚЫҰ рөлін шектеуде деп айыпталуда

*Құқыққорғаушылардың Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағасы ретінде өткізген алғашқы жылына көңілдері толар емес*

*Құқыққорғаушылар Қазақстанның Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық еткен алғашқы жарты жылы елді бұрынғыға қарағанда демократияландыра түсуге оң әсерін тигізген жоқ дейді.*

ПҚұқыққорғаушылар жиналыс, ар-ұят және сөз бостандығы секілді бағыттардағы жағдай тіпті қиындап кетті деп тұжырымдайды.

Олар сонымен қатар Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағасы ретінде құқықтық мәселелердің маңызын кеміте отырып және

аймақтағы қауіпсіздік мәселелеріне үлкен көңіл бөлу арқылы ұйымның өзі тағайындаған стандарттарды төмендетіп жіберді деп ескертеді.

«Адам өлшемі» бойынша ЕҚЫҰ конференциясында сыртқы істер министрі және ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы Қанат Саудабаев өз елінің жеткен жетістіктерін санамалап кетті.

«Бүгінгі күні Қазақстанда демократия мен азаматтық қоғамның негізгі институттары толық қалыптасты, демократиялық сайлау жүйесі, тәуелсіз сот жүйесі қалыптасты, БАҚ еркін түрде



өз жұмысын жүргізуде, саяси партиялар мен [үкіметтік емес] қоғамдық бірлестіктер дамып жатыр», - деді Саудабаев.

10 маусым күні Копенгаген қаласында өткен кездесуге қатысқан қазақстандық құқықорғаушылар министрдің сөзін сынға алып, ЕҚЫҰ төрағасы атап өткен жетістіктер елеусіз болып қалып отыр деп мәлімдеді.

Алаңдаушылық туғызатын негізгі мәселелерді Қазақстан халықаралық адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі бюроның атқарушы директоры Роза Ақылбекова айтып кетті. Бұл ұйымның басшысы Евгений Жовтис қазір қамауда отыр.

Роза Ақылбекованың сөзіне қарағанда саяси партияларды құру процедуралары жабық күйде қалып отыр және іс жүзінде партия ресми қолдауға ие болуы керек, ал қазіргі парламенттің қарауында жатқан заңнама рұқсат етілмеген қоғамдық жиналыстар өткізгені үшін жаза ретінде айыппұл мен тұтқынға алуды қарастырады. Дін ұстанымы еркіндігі де елге келетін миссионерлерге қатысты жаңа ережелердің және діни жиналыстар өтетін орындарды полиция тексерулерінің жиілеуінің арқасында шектеліп отыр.

БАҚ еркіндігіне қатысты Ақылбекова газеттердің тұтқынға алынуы мүмкін екендігі, ал мерзімді басылымдар мен телерадиокомпаниялар билікке жақпайтын ақпарат таратуда деген желеумен жабылуы мүмкін екендігін айтты. Заңнамаға жақында енгізілген өзгерістер жала жабуды криминалды қылмыс ретінде қарастыру және осыған лайық жаза туралы жағдайды өзгерткен жоқ.

«Қазақстандағы сөз бостандығы жағдайы бұдан бір он жыл бұрынғы жағдайға қарағанда әлдеқайда төмен деңгейде. Әлемдік қауымдастық Қазақстандағы сөз бостандығының бұзылуына қатысты фактілердің бәрімен таныс емес, алайда ол сөз бостандығының бұзылуының баршаға белгілі жағдайларына көз жұма қарауда және Қазақстанның өз мойнына алған демократиялық міндеттерін орындаттыруда қандай да бір іс-әрекеттерге барар емес», - дейді IWPR-ға «Журналистер қауіп-қатерде» қорының жетекшісі Розлана Таукина.

Қазақстан үкіметі ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге ұсыныс білдірерде азаматтық және саяси құқыққа қатысты жағдайды жақсартуға уәде берген болатын. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге қол жеткізу үшін жасаған талпыныстарын 2003 жылы-ақ бастап кеткен болатын және ол төрағалыққа оп-оңай қол жеткізді деп айтуға болмас. Ұйымның кейбір мүшелері, мысалы Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбритания Қазақстанның төрағалық етуіне күмән білдірді, ол сайлаудың демократиялық тұрғыдан өтуіне қатысты күмәнмен, сөз бостандығының шектелуімен, БАҚ-на іс жүзінде жүргізіліп отырған монополиямен, саяси қарсыластарға күш көрсету және басқа да мәселелермен түсіндірілді.

Сарапшылар Қазақстанды оның ЕҚЫҰ төрағасының орнын ұйым назарын қауіпсіздік мен дау-жанжалды шешу мәселелеріне аударуға пайдаланып отырғандығы үшін және ұйымның демократияны құру мен ұйымға мүше-мемлекеттердегі адам құқығына байланысты мәселелерді шешуге байланысты міндеттерін орындауда қандай да бір іс-әрекеттерге бармай отырғандығы үшін айыптап отыр.

Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев осы жылдың қаңтарында Қазақстан ұйым төрағалығы қызметіне кіріскен кезде аталған басымдық бағыттарды атап көрсетті және Ауғанстан мен Таулы Қарабақта болған даулы мәселелер секілді жайттарға баса назар аударылатындығын айтты.

Содан бері Саудабаев Қарабақтағы бас-аяғы созылып кеткен дауға нүкте қою үмітінде Армения мен Әзірбайжанның басшыларымен кездесулер өткізді. Сонымен қатар төраға Ауғанстандағы есірткі саудасына қарсы күрес пен қауіпсіздікті нығайтуға қатысты келіссөздер жүргізу мақсатында Кабулға барып қайтты.

Алайда жетекші саясаттанушылардың бірі Досым Сәтпаев Қазақстанның мұндай қиын дау-жанжалдарды шешу жолында көп іс тындырарына күмәнмен қарайды.

«Қазақстан сыртқы саясат жүргізерде үлкен белсенділік танытуда, алайда оның нағыз, үлкен ықпалы жоқ», - дейді Сәтпаев. Ауғанстандағы жағдайға қатысты саясаттанушы «ЕҚЫҰ-ның бұл жағдайды шеше алмайтынын бәрі түсінеді, Қазақстанның да мүмкіндігі шектеулі» деді.

Ал Қазақстанның адам құқығына қатысты өткізген жалғыз шарасы Астанада, маусымның аяғында болған толерантылық пен бейдискриминация бойынша ЕҚЫҰ Конференциясы болды.

Сәтпаевтың пікірінше Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі ел ішіндегі дамуға ешқандай айтарлықтай өзгеріс әкелген жоқ.



Сурет Қазақстан Республикасының Президентінің ресми сайтынан www.akorda.kz

«Бұл күннен-күнге саяси пиарды ескере түсіріп келе жатыр және осы қарбаластың басты мақсаты Астанада саммит өткізу секілді сезім туындап отыр», - деді ол.

ЕҚЫҰ-дағы атын атамауды жөн көрген ақпарат көзі IWPR-ға қазақстанның төрағалық ету әдісі мұндай ұйымға төрағалық етуге қажетті демократиялық стандарттарды түсіріп жіберді дейді.

«ЕҚЫҰ-ға оңай тимесі анық, себебі, Қазақстанның төрағалығынан кейін келесі үміткерлерге басқа [бұдан да төмен талаптар] қоюға тура келеді ғой. Қазақстанды жыл басында демократияға қатысты жағдай төмендеп кетті, бұған Қазақстанның қазіргі рөлі кінәлі секілді», - деді ол.

**Андрей Гришин, Қазақстандық халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі бюроның қызметкері.**

## ҚЫРҒЫЗСТАН



### Шетелдік полиция күштерін енгізуге байланысты қырғызстандықтардың пікірі бір жерден шыққан жоқ

*ЕҚЫҰ-ның полициялық күштерін енгізуге қарсылық білдірушілер арасында саясатшылар мен мүдделілік танытып отырған тұлғалар бар.*

Маусым айыны басында орын алған этникалық қақтығыстардан кейін Қырғызстанның оңтүстігіне халықаралық полиция тобын енгізу жоспары бұл бастама шетелдіктердің «араласуына» жол ашады дегендердің қарсылығын туғызып отыр. Бірқатар сарапшылар мұндай пікірлердің тууы саяси күрестің белгісі деп санайды.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) мүше-мемлекеттер 22 шілде күні бірауыздан Қырғызстанға құрамында 52 адам бар полиция кеңес тобын (ПКТ) енгізуге дауыс берді. Елде бұл топты орналастыру үшін Қырғызстан үкіметінің тамыз айында қабылдануы тиіс соңғы шешімі қажет. Бұдан соң ПКТ Ош қаласында штаб орналастыру мәселелеріне көшеді. Олар елде төрт айдың көлемінде болмақ, ал егер Қырғызстан басшылығы жеке сұраным беріп жатқан жағдайда бұл мерзім ұзартылуы да мүмкін.

ЕҚЫҰ-ның мұндай шешімі маусым айында елдің оңтүстігіндегі Ош және Жалал-абад қалалары мен олардың төңірегінде болған қырғыздар мен өзбектер арасындағы бірнеше күнге созылған этникалық қақтығыстардан кейін Қырғызстан билігінің көмек сұрауына жауап ретінде қарастырылып отыр. ҚР денсаулық сақтау Министрлігінің соңғы мәліметтеріне қарағанда сол күндері 355 адам қаза тапқан. Көптеген үй, дүкен және басқа да ғимараттар зардап шеккен.

Кеңес тобы құқыққорғау органдарының бөлімшелерінің жұмысына мониторинг жүргізумен және оларға тәртіпті қалай орнатып, этникалық жанжалдарды қалай жою керектігі жөнінде кеңес берумен айналысады. Жеті полициядан тұратын алты топ, жергілікті топтармен жұмыс істеудегі арадағы делдал және аудармашы көше бақылаушы милиция қызметкерлеріне еріп жүреді. ПКТ-ның құрамына Ресей, АҚШ, Болгария, Түркия, Литва және Финляндиядан келген полиция қызметкерлері кіреді.

«Бейтарап тұс ретінде жер-жерде полиция кеңесшілері маңызды рөл ойнайды, адамдар мен құқыққорғау органдарының арасындағы сенімнің нығаюына өз үлесін қосады», - деді IWPR-мен болған әңгімеде Бішкектегі ЕҚЫҰ Орталығының басшысының орынбасары Лилян Дарий.

Қырғызстандағы ресми тұлғалар ЕҚЫҰ полиция отрядтары негізінен этникалық қырғыздардан тұратын милициямен жергілікті тұрғындар (әсіресе өзбектер) арасындағы делдалдың рөлін ойнайды деп отыр.

ҚР президенті әкімшілігінің Ақпараттық-кеңес беру орталығының жетекшісі Фарид Ниязов IWPR-мен болған әңгімеде мұндай күштің қажет екендігі жайлы, себебі

Қырғызстанның оңтүстігіндегі жергілікті билік екі топтың арасындағы қарым-қатынасты бір қалыпқа келтіре алмай отырғандығы туралы айтып берді.

«Ел президенті жергілікті шенеуіктер мен құқыққорғау органдарының байланыс орнатып, жергілікті тұрғындар мен құқыққорғау органдарының арасындағы қарым-қатынастың жоғары деңгейін қамтамасыз ету керектігі жайлы мәселені баяғыда көтерген болатын. Өкінішке орай, бжұған қол жеткізе алмадық», - деді ол.

Полиция топтарын енгізуге қарсылық танытып отырғандардың арасында Қырғызстанның оңтүстігіндегі жергілікті билік өкілдері мен «Қырғызстан халқы сыртқы күштерге қарсы» атты азаматтық қозғалыстың мүшелері бар. Аталған қозғалыс шілде айының ортасынан бері Бішкек пен басқа да елді мекендерде бірнеше демонстрация өткізген болатын.

Олар шетелдіктердің елге келуі жағдайды ушықтыруы мүмкін, жергілікті милицияның беделін түсіреді, сонымен қатар олардың елде болу мерзімі белгісіз уақытқа дейін созылып кетуі мүмкін дейді.

«Қырғызстан халқы сыртқы күштерге қарсы» азаматтық қозғалысының ұйымдастырушыларының бірі Айбек Саипов ЕҚЫҰ күштерін енгізудің еш қажеттілігі жоқ деп санайды.

«Жағдай бірте-бірте қалыпқа түсіп келе жатыр. Халық пен жастар жиналып, милиционерлерге көмектескелі ниет танытуда», - деді ол.

Саипов өздерінің қозғалысының артында қандай да бір саяси топтың тұрғанын жоққа шығаруда.

Демонстрация кезінде қарсылық білдірушілер қолдарына «Елді Косовоға айналдыруға жол бермейміз» деген жаузы бар плакаттар ұстап шыққан, бұл олардың елдің оңтүстігіндегі өзбектер шетелдіктерді пайдаланып өз автономияларын құруды талап етулері мүмкін деген ойларының белгісі болды. Олар Косовомен ортақ жағдайды көріп отыр, онда Сербияның бір бөлігі албандық тәуелсіз мемлекет болып жеке шыққан болатын.

Саясаттанушы Марс Сариев бұл қауіпті жоққа шығармайды және ЕҚЫҰ полициясы өзбек азшылығына қолдау көрсетіп, олардың құқығының бұзылғандығы жайында хабарлап отырулары мүмкін дейді. Оның ойынша, өзбек диаспорасы да осыны пайдаланып, отқа май тамыза түсуі мүмкін. Міне, осы кезде полиция жоғарғы басшылыққа өзбектер өз автономиясын құра алар еді деген сыңайлы ұсыныс айтуы мүмкін деді ол.

IWPR осы мәселеге байланысты Венадағы ЕҚЫҰ-ның штаб-пәтеріне хабарласқан болатын. Нәтижесінде олардан ЕҚЫҰ-ның полиция күштерін енгізу мүмкіндігі Қырғызстан үкіметінің сұранымына байланысты жүзеге асырылып отыр, ал полиция кеңес беру тобының мақсаты – «топтар арасындағы қарым-қатынасты орнатып, ортақ болашақты қалыптастыру үшін қажетті тұрақтылық пен сенімді орнатуға өз үлесін қосу. Ал ел өз болашағын қалай құрады, ол мемлекеттің жетекшілері мен азаматтарына байланысты» дегенге саятын жауап келді.

Енді бір сарапшылар елдің тәуелсіздігіне қауіп төнуден қауіптенетін ниеттен бөлек, оппозиционерлердің бірқатары өз жоспары мен мүддесі үшін қарсы шығып отыр деп санайды.

Олардың кейбірі, мәселен Қырғызстанның оңтүстігіндегі шенеуніктер мен құқыққорғау органдары ЕҚЫҰ-ның полиция күштерін өз билігінің ашық түрде қарсы шығуы деп түсінеді. Ал белгілі бір саяси партиялар осы мәселеге қазақ айында болатын парламент сайлауы алдында ұпай жинап қалу мақсатында араласып отыр.

«Бұл мәселе әбден саясиленген. Көптеген саяси күштер парламент сайлауы алдында осы мәселеден ұпай алып қауға тырысуда, сондықтан жасанды түрде шыбыннан түйе жасап отыр. Кейбір саясаткерлер үшін бұл өзінің ақпараттық кеңістігін дамыту үшін өте ыңғайлы мәселе екендігін де жоққа шығаруға болмайды», - деді біршектік «Полис Азия» сараптамалық орталығының сарапшысы Павел Дятленко.

Танымал құқыққорғаушы, «Кылым Шамы» ұйымының өкілі Азиза Абдирасулова ЕҚЫҰ күштерін енгізуге қарсылық танытып отырғандардың арасында «ақпарат көлемі жеткіліксіздер, полиция күштері елге кірсе, бәрін басып қалады деп ойлайтындар; осы жағдайға қатысы барлар, өздерінің заңсыз іс-әрекеттері ашылып қалады деп қорқатындар; осы жағдайдан пайда табатын, қолға түскендерден ақша алатын, пара алатын, қылмыстық істерді қолдан жасайтын кейбір құқыққорғау органдарының қызметкерлері» бар дейді.

Қырғызстанның ішкі істер министрі Кубатбек Байболов мұндай пікірталастардың нақты фактілерге айтарлықтай қатысы жоқ дейді.

«Бұл саяси күрес, басқа ештеңе де емес, парламент сайлауының алдындағы құрал ғана», - деп Қырғыз телеграф агенттігі (ҚырТАГ) Байболовтың жеткізді.

## Қырғызстандық партиялар коалиция құруға көшті

Президент коалиция құру ұсынылатын партияны ресми түрде тандардың алдында парламенттік көпшілікті құруға байланысты келіссөздер басталып кетті.

Қырғызстанда өткен парламент сайлаулары анық жеңімпазды анықтап бере алған жоқ. Жогорку Кенештен алдын-ала нәтижелер бойынша орын алған бес партия келесі премьер-министрді ұсынатын басқарушы коалиция құруға байланысты келіссөздер жүргізуді бастап кетті.

10 қазан күні болған сайлау бейбіт түрде өтті. Бұл елдегі саяси тұрақсыздықты ескеретін болсақ, айтарлықтай жетістік. Тұрақсыздық сәуір айында Құрманбек Бәкиевтің

Қырғызстанның оңтүстігіндегі екі журналистің сөзіне қарағанда, ЕҚЫҰ-ға қарсы ниеттің өсуі байқалмайды. Олар аты-жөндерін атамауды жөн көрді, себебі елдің оңтүстігіндегі жағдай әлі де болса тұрақталған жоқ.

Ош қаласындағы тілшінің айтуы бойынша қаладағы өзбек тұрғындар ЕҚЫҰ жоспарын қолдайды, себебі құқыққорғау органдарының жергілікті бөлімдеріне сенбейді. Енді бір журналист ПКТ енгізуге қарсылық танытуға куә болғандығын, оған 700 адамдай халық қатысқанын айтты.

«Мұның бәрі алдын-ала ойластырылған акция секілді. Олар ЕҚЫҰ-ның полиция топтарын енгізуге қарсы топтардың жасанды түрде ұйымдастырғаны қатысты. Менің ойымша, халық қазір ЕҚЫҰ-н ойлайтындай жағдайда емес. Олар қазір қирағанды қайта қалпына келтіру мен этникаралық қарым-қатынасты реттеу секілді тұрмыстық мәселелерге бас ауыртуда», - деді ол.

Қауіпсіздік мәселелері бойынша сарапшы Леонид Бондарец ЕҚЫҰ полиция тобының санының аз болатындығын, ал олардың құзыры жағдайға әсер ету үшін тым шектеулі екенін айтып кетті.

«Бұл топ 52 адамнан тұрады, олар тек ақпарат қана жинай алады», - деді Бондарец, екі жақтың айыптауларын жинай келе ПКТ арадағы кикілжің бәсеңдетудің орнына, қайта ушықтыра түседі атай кетіп.

Алайда, Абдирасулова ЕҚЫҰ күші кей адамдар милиция тым қатал және сенім білдіруге тұрмайды деп есептейтін кезде тұрақтылық орнатуға шын мәнінде өз үлесін қоса алады деп санайды.

«Егер ЕҚЫҰ полиция күштері келсе, милиционерлер өз міндеттерін заң бойынша жүргізеді, заңды бұзбайды, яғни ешкімді ұрып-соқпайды, адвокатқа жолығуға мүмкіндік береді, қажет кезде медициналық жәрдем жасап, ұсталған адамның туыстарына жолығуға жағдай жасайды деген үміт бар», - дейді ол.

**Тимур Токтоналиев, IWPR тренингтерінен өткен Бішкектегі журналист.**

орнын тастап шығуымен және маусым айында болған қақтығыстар салдарынан 400-ден астам адамның қаза табуымен байланысты болып отыр. Сайлау өткізу процесі халықаралық шолушылардың жоғары бағасын алды, олар сайлаудың әділ әрі еркін өткені жайында мәлімдеді.

«Соңғы бірнеше апта Қырғызстанның пікір алуандығы бар, тәуелсіз түрде ұйымдастырылған және негізгі еркіндіктерді сыйлайтын сайлау өткізе алатындығын дәлелдеді», - дейді ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ның сайлауды бақылау бойынша ұзақмерзімді миссиясының басшысы Корин Ёнкер.

24.kg ақпараттық агенттігі таратқан ақпарат бойынша 13 қазан күні болған баспасөз мәслихаты барысында ҚР әділет министрі Аидка Саянова бұдан әрі не болатынын айтқан: бірде-бір партия дауыстың басым көпшілігіне ие болып, жеке-дара алға үзіп шықпағандықтан, өтпелі мерзімнің президенті Роза Отунбаева олардың біріне коалиция құру туралы өтінішпен шықпақ.



Егер қанда да бір партия уақытша үкіметте көпшілік блогын құрса, президентке оған келісім беру ғана қалады, сондықтан үкіметтен орын алған бес партия келіссөздер жүргізуді бастап кетті.

Коалиция құрудың екі негізгі жолы бар. Бірінде қалған партиялардан аз да болса алда келе жатқан «Ата-Журт» партиясының коалициясы шамамен тоғыз пайыз көрсеткішті алып, парламенттегі 120 орынның 28-іне ие болады.

«Ата-Журт» Қырғызстанның оңтүстігіндегі электораттың айтарлықтай қолдауын алған, өздерін «ұлтшыл-патриоттармыз» деп атайтын және ұлтшылдық туралы айыптауларды мойындамайтын жаңа саяси күш болып отыр.

Екінші жолы ҚСДП мен «Ата-Мекен» партияларының блогын құру болып табылады. Бұл екі парти сайлау нәтижесінде екінші және бесінші орындарға сәйкесінше 26 және 18 мандатпен шыққан болатын. Екі партия да сәуір айында орнынан кеткен Құрманбек Бәкиевті алмастырған уақытша әкімшілікпен тығыз байланысты. Бұл партиялардың мүшелері ел бойынша билікте түрлі негізгі қызметтерде отыр.

Басым көпшілік дауысқа ие болу үшін бұл топтардың әрқайсысы мүшелерінің санын арттырулары тиіс және өзге партиялар (25 орынға ие болған «Ар-Намыс» партиясы мен 23 орынға те болған «Республика» партиясы) оларды қолдауы керек.

Танымал саясаттанушы Марс Сариев екі коалицияның – «Ата-Журт» және «Ар-Намыс» партияларының коалициясы және социал-демократтар мен «Ата-Мекен» партияларының коалициясының арасында күрес жүреді деп болжап отыр. «Бұл екі топ «Республика» үшін күресетін болады, себебі оларға министрлер кабинетін құру үшін үшінші партия қажет», - дейді ол.

Саясаттанушы Валентин Богатырев бұл екі блоктан бөлек «өзге ерекше коалициялар да құрылуы мүмкін, оларға өзара келіскен жағдайда саны үштен артық партиялар да кіре алады» дейді.

Сонымен қатар ол кейбір партиялар коалиция құрылмай тұрып-ақ өздерін қысқы мерзімдегі елдің электр қуаты тапшылығын көріп отырған кезде жаңа үкіметтің жағымсыз тұстарымен байланыстырмас үшін ойынна шығып қалады деп санайды.

«Мұның орнына олар 2011 жылдың аяғында өтетін президент сайлауының алдында ұпай жинауға кіріседі», - дейді Богатырев.

Жағдайдың түрлі бағытта өзгеру мүмкіндігі 2010 жылдың мауысымында референдум барысында қабылданған жаңа Конституция мен жан-жақты дамыған демократияға бағытталған ниеттің нәтижесі болып табылады. Жаңа Конституция парламентке үлкен құзыр береді, ал президенттің құзыры керісінше шектеул, бұл елдің бірте-бірте авторитарлық билік формасын жобға бағытталған.

Енді билік заңшығарушы бағытта қызмет жүргізетіндіктен бірде-бір партия нәтижені өз пайдасына қарай бұрмалай алмайды. Конституция бойынша парламенттегі орындар саны 90-нан 120-ға дейін өсті. Осы сайлауда партиялардың бұрын-соңды болмаған саны – 29 партия тіркелді.



Марс Сариевтің пікірі бойынша, сайлау нәтижелері негізгі саяси күштердің парламент аясында екенін көрсетті, бұл тұрақтылықты орнатуға мүмкіндік береді. Кейбіреулер «Ата-Журтты» партияны Бәкиевтің «жасырын күші» деп айыптап отыр және оны Беларуссиядан қайтаруға тырысуда дейді (партияның өзі мұны жоқ шығарып отыр). Сариев мұндай оқиғаның өріс аларына күмәнмен қарайды.

«Мұндай жағдай Қырғызстан картасының шынайы сипатын көрсетеді. Мен парламентке өтпей қалған партиялар бір нәрсе өзгерте қояды деп ойламаймын, себебі ондай қадамға бара алатын негізгі партиялар парламент қабырғасына өтіп алды», - дейді ол.

«Қазір элтаның бейресми келіссөздері жүріп жатыр, олар консенсус жайында, мүдделер тоғысы жайында, әкімшілік және қаржылық ресурстарды бөлісу туралы ортақ ойға келуге тырысуда. Ал Бәкиевтің қайта оралуы туралы айту артық деп ойлаймын», - дейді Сариев.

Мәскеудегі Карнеги орталығының Орталық Азия бойынша сарапшысы Алексей Малашенко қазір сайланған партиялардың билік үшін күресуін парламент ішінде жүргізгені қажет дейді.

«Партия жетекшілерінің амбициялары керемет. Бір келісімге келу өте қиын болмақ, алайда ол қажет, себебі ортақ келісімге келмесе, жағдай ушығады. Билік үшін



күрес басталғалы тұр. Егер ол күрес парламенттік формада жүрсе бәрі ойдағыдай болады. Бұл Қырғызстанда парламентаризмнің алғашқы сатысы сәтті түрде өтілді дегенді білдіреді», - дейді ол.

Саяси процестегі бөлініс жайлы Малашенко былай дейді: «Мен қырғыз ұлтшылдығы болады деп ойламаймын. Алайда мұндай тенденция бар және оны ескермей қоймауға болмайды. Сонымен қатар, біреу солтүстік пен оңтүстік арасындағы дауды тұтандырып жібермеуі де аса маңызды».

Богатырев үшін «басты мәселе жаңа үкіметтің іс жүзінде жұмыс істеуі болып отыр. Бір партияның министрі екінші партиядан шыққан премьерге бағынғысы келмеуі де мүмкін. Бұл Қырғызстан үшін қазіргі жағдайда өте үлкен қауіп тудырады».

**Павел Дятленко –Бішкектегі «Полис Азия» Орталығының сарапшысы**

**Тимур Токтоналиев – IWPR тренингтерінен өткен Қырғызстандағы журналист**

**Фото: Игорь Коваленко пен Тимур Райымкулов**

## ТӘЖІКСТАН



### Тәжікстандағы БАҚ туралы заң жобасы: әлі де болса жетілдіруді қажет етеді

Медиасарапшылар жаңа заңнама баспасөздің бостандығын қамтамасыз ету үшін кеңес беру жүргізуге шақырады.

Тәжікстандағы журналистер БАҚ туралы заңды өзгертуге бағытталған азқ жобасы көптеген кемшіліктерге ие және жетілдіруді қажет етеді дейді. Олар заң жобасының қоғамдық талқылаудан өткенін және журналистердің ұсыныстарының заң жобасына құжат парламент қаралымына өткенге дейін енгізілгенін қалап отыр.

Заң жобасының авторларының бірі, депутат Олим Салимзода медиасарапшылар мен журналистердің ұсыныстары заң жобасына жасау кезінде ескерілгенін айтады. Қазір құжат Тәжікстанның парламенті мен үкіметінің жұмыс комитеттерінде зерттелуде, бұдан кейін, егер заң жобасы мақұлданып жатса, ол жалпы парламентте қарастырылатын болады. Бұл қыркүйекте, депутаттардың жазғы демалыстан оралғанынан кейін болуы мүмкін.

БАҚ туралы қазіргі заң 1990 жылы, Тәжікстан Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздігін алардан бір жыл бұрын қабылданған болатын. Сол кезден бері заңға өзгерістер бес рет енгізілді, алайда, заңды бұдан гөрі жетілдіре түсудің қажеттілігі айқын білінуде.

Салимзоданың сөзіне қарағанда, өзгерістер заңның «заманауи журналистика талаптарына сай болуы үшін қажет». Негізгі өзгеріс журналистердің ресми ақпаратқа қол жеткізуге келгенде бірқатар еркіндікке ие болуында болып отыр. Мемлекеттік орган өкілдері

журналистерге ресми жауапты бұрынғыдай бір ай ішінде емес, үш күннің ішінде қайтарулары тиіс. Бұл шенеуніктердің жауапкершілігін арттырып, БАҚ-дағы сыни жарияланымдарға дер кезінде үн қосып үлгеруге мүмкіндік береді дейді Салимзода.

Тәжікстанның тәуелсіз БАҚның ұлттық Ассоциациясының (ТТБАҚҰА) төрағасы Нуриддин Каршибоев жаңа заңды дамудың айтарлықтай көрсеткіші деп санайды, ол құжатқа өзінің ұйымы ұсынған ұсыныстардың 90%-ы кіретінін айтып кетті.

Оның оң пікірімен медиаұйым қызметкерлері мен сарапшылардың барлығы бірдей келісіп отырған жоқ. Олар заң әлі де болса жетілдіруді қажет етеді дейді.

«Заңжобасына енген толықтырулардың көптігі сондай, кез келген сөз үшін журналистерді сотқа тартуға болады», - дейді «Фараж» газетінің бас редакторы және Тәжікстанның Медиа Альянсының бас хатшысы Хуршед Атовулло. Ол тыйым салынған контент дегеннің (мәселен, лаңкестік немесе порнография) не екені заңда анықталып жазылмаған деп отыр.

Жаңа құжат қазіргі кейпінде «ескі заңға енгізілген болмашы ғана өзгерістер» деп санайды Атовулло.

Ол Медиа Альянстың балама заң жобасын жасауды жошпарлап отырғанын жеткізді.

Заңдағы «мемлекет пен президенттің ар-намысына зиян келтіретін» материалдарды жариялауға тыйым салатын

бап дау туғызып отыр. Бұл бап өзгеріске ұшырамай, құқыққорғаушылардың бұл заңнамалық норманы алып тастауға шақырғанына қарамастан жаңа заңда да сол күйінше көрініс тауып отыр.

Медиазаңгер Фарухшо Джунайдов біріншіден, мемлекет жеке тұлға емес, сондықтан оның ар-намысына тию мүмкін емес, ал Тәжікстанның Конституциясында елдің бәрі заң алдында бірдей деп жазылғандықтан, президент ерекше статуска ие бола алмайды дейді.

Бұл баптың сотқа тартуға бірде-бір ретнегіз болмағандығын атай отырып, Каршибоев Тәжікстанның сөз бостандығына байланысты жалпыға бірдей халықаралық стандарттарға жақындай түсу үшін, оны алып тастаумен келісетіндігін жеткізді.

Салимзода заң жобасының бастамашысының бірде-бірі заңның осы бабына қатысты ұстанған ұстанымынан таймайтынын мәлімдеді.

«Біз бұл баптан бас тартпаймыз. Ол ешқандай ұстанымға қайшы келіп отырған жоқ. Біз президентті сыйлауымыз керек. Халық ол үшін дауыс берді, оны сайлады», - дейді ол.

«Нигох» газетінің бас редакторы және «ИНДЕМ» қоғамдық ұйымының төрағасы Саймуддин Дустов ақпаратқа қол жеткізуге кепілдік беретін ереже оны сақтамаған шенеуніктер үшін қолданылатын жазаны да қамту тиіс және ақпарат алуға деген сұраным қандай жолмен қарастырылатынын ашып жазу керек дейді.

Танымал құқыққорғаушы Нигина Бахриева Тәжікстандағы шетелдіктерге БАҚ-на иелік етуге заңды түрде тыйым салатын мәселені көтеріп отыр. Оның ойынша, бұл «адам құқығының шектелуінің айтарлықтай көрінісі және елдегі Конституция мен барлық халықаралық стандарттарға қайшы болып отыр».

## Тәжікстандағы кәмелеттік жасқа толмағандарға берілетін бұрынғыдан жеңілдік жазы

*Жаңа заң кәмелеттік жасқа толмағандар төлей алатын жағдайда болмаса да, сотқа күзетке алудан айыппұл төлеу арқылы жазаны ауыстыруға мүмкіндік береді*

Кәмелеттік жасқа толмаған қылмыскерлер үшін жеңілдетілген жаза қолдануға байланысты өзгерістер жалпы алғанда Тәжікстанда жақсы қабылданды. Алайда сарапшылар түрме мерзімін айыппұлмен ауыстыру айыппұл төлеуге мүмкіндігі бола бермейтін елде тиімсіз жол болуы мүмкін екендігін ескертіп отыр.

Маусым мен шілде айында парламенттің екі палатасы мақұлдаған өзгерістер сотқа зорлық-зомбылық орын алмаған қылмыс үшін ақшалай айыппұл төлеу арқылы жаза тағайындауға мүмкіндік беріп отыр.

Өзгеріс кәмелеттік жасқа толған қылмыскерлерге де, кәмелеттік жасқа толған қылмыскерлерге де қатысты болып отыр. Айыппұл айтарлықтай зиян не ауырлататын жағдайға әкелмеген ұрлық, алдын-ала ойластырылған және ойластырылмаған мүлік шығынын келтіру секілді қылмыстарға қатысты қолданылады.

«Егер шет елдің азаматы Тәжікстан аумағында тұрақты түрде өмір сүріп келсе, егер салықтөлеуші болса, ол неге БАҚ құра алмайды не оның құрылтайшысы бола алмайды?», - дейді ол.

Алайда мұнда да Салимзоданың айтар сөзі бар екен.

Бахриев, Дутов және басқа да БАҚ құқығына қатысы бар сарапшылар заң жобасы ары қарата жолын жалғастыру үшін, кеңінен талқылануы тиіс дейді.

«Журналистер, медиаұйымдар және азаматтық қоғам институты заң жобасының парламентте қабылдануы үшін барлық ерекшеліктері түсіндіре білу керек, парламентариямен тығыз жұмыс істеуі қажет», - дейді Бахриева.

Asia-Plus газетінің редакторы Марат Мамадшоев қоғамдық тыңдаулар жүргізуге әбден болады дейді.

«Біз мұндай қадамға баратын деңгейге жеттік, депутаттар бізбен бірлесіп жұмыс істеуге дайын секілді. Біздің парламентті жоғарыдан түсетін нұсқауды ғана орындайды деп айыптап жатады. Бұлай емес екенін дәлелдейтін мүмкіндік бар», - дейді ол.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу мүмкіндігі туралы Салимзода журналистер Одағымен және ТТБАҚҰА-мен соңғы екі жыл бойы екіжақты келісімнің жүріп жатқанын айтты.

Жаңа кеңес берушілік процесті ұйымдастыру туралы идеяны Салимзода қабылдамайтынын айтты. «Заң талқылау кезеңінде, біз журналистердің ұсыныстарын әлі күнге қабылдап жатырмыз», - дейді ол.

**Аслибегим Манзаршоева, IWPR тренингтерінен өткен Тәжікстандағы журналист.**

Кәмелеттік жасқа толмағандар (үкім шығарылар кезде 16 жастан жоғары және 18 жасқа жетпеген) ауыр қылмыстары үшін жеті жылға дейін, аса ауыр қылмыстары үшін 10 жылға дейін түрме мерзімін алуы мүмкін. Оларды ел астанасы Душанбеге жақын орналасқан түзету және жазалау колонияларында орналастырылады.

Заңнамалық реформа Тәжікстанның сот жүйесінің адамшылығын арттыру және қамауға алу орындарынан «салмақ түсіру» үшін қажет болып отыр.

Құқықтық мәселелер бойынша сарапшылар енгізілген өзгерістерге қолдауын білдірді, себебі аталған өзгерістер ауыр қылмыс жасамаған кәмелеттік жасқа толмағандарды күзетке алуға балама бола алады. Түрменің жасөспірімге оң ықпалын тигізе қоймайтыны да анық.



Алайда олар жаңартылған заңнамның айтарлықтай кемшілігін атап көрсетіп отыр. Ол – Орталық Азияның ең кедей еліндегі заң бұзған кәмелеттік жасқа толмағандардың айыппұл төлеуге деген мүмкіндігінің төмен екендігі. Ал егер айыппұл төленбесе жасөспірімді пенитенциарлы мекемеге алып кетеді.

Ескі жүйеге сәйкес сот айыппұл төлемеген тұлғаларға түрлі шектеулер қоя алады, алайда күзетке алуға нұсқау бере алмайды. Енді сот заң бұзушыны айыппұл төлеуге мәжбүрлей алады, не күзетке алу туралы үкім шығарады.

Сонымен қатар, кәмелеттік жасқа толмағандарға салынатын ең жоғары айыппұлдың көлемі заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес екі есе өсті. Инфляцияны ескере отырып ең үлкен айыппұлдың 800 доллардан 1 600 долларға өскенін байқауға болады.

Айыппұл шешім шыққан соң 30 күннің ішінде төленуі тиіс. Ал егер оны төлеу кейінге қалдырылып жатқан күннің өзін де, жарты жылдың ішінде айыппұл жүзеге асырылуы керек.

«Біз үшін айтарлықтай жоғары талап етіліп отырған соманы таба алмағандар қалай болмағанда да түрмеге кетеді», - дейді «Адам құқығы» ҰЕҰ-ның директоры Бахтиёр Насруллоев.

Насруллоевтың сөзіне қарағанда түрме мерзімін айыппұлмен ауыстыру үкіметтің осындай жолмен ақша табуға тырысуы деген күмән туғызады.

«Біздің үкімет заң бұзған кәмелеттік жасқа толмағандардың өміріне оң ықпал тигізу үшін осындай қадамға барып отыр деп айта алмаймын. Ең бірінші кезекте қаржылық фактор тұрған тәрізді», - дейді ол.

Адвокат Махмуд Салимов кәмелеттік жасқа толмағандар қылмысы үшін төленетін айыппұл бұрын да кездескен, алайда ол кезде олар жасөспірім өзі төлей алатын жағдайда ғана қойылатын болған. Енді бәрі өзгеріп отыр.

Тәжікстанның Коммунистік партиясының көшбасшысы, парламент депутаты Шодди Шабдолов мұндай жаза кедей отбасынан шыққан балаларға жеңілдік бере қоймасы анық дейді.

«Бұл ауыртпалық оның ата-анасының мойнына түседі емес пе. Ал егер қылмыскер жетім болса не оның әкешесі кедей болса ше?», - дейді ол айыппұл жайында.

Заңгер Гульчехра Рахманова «Бала құқығы орталығының» қызметкері болып жүргенде кәмелеттік жасқа толмағандардың қатысуымен болған көптеген іске куә болған. Ол әдеттегі қылмыскерлердің ата-аналары айыппұл төлей алмайды дейді.

«Көбінесе отбасылы жағдайы төмен, тамаққа не киімге ақша тапқысы келген жасөспірімдерді сотап жатады. Әдетті олардың жалғызділікті анасы жұмыссыз отырады, туытарының көмегі мен қайырдан түскен ақшаға күн көруге мәжбүр болады. Мұндай жағдайда олар айыппұл төлеуден үзілді-кесілді бас тартып, баланы жабық түзету мекемесіне жіберуді жөн көреді», - дейді ол. Тәжікстан ИМ кәмелеттік жасқа толмағандар мен жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу мен профилактикасы қызметі басшысының орынбасары Ширинбек Мирзоев заңды әдетте кедей ата-ананың балалары немесе көшеде күнелтетін жасөспірімдер бұзады деген пікірмен келісіп отыр.

Жаңа заңнамада қарастырылған шаралардың бірі – күзетке алынған және айыппұл төлеген жасөспірімнің мерзімнен тыс босатылуы.

Балаларға арналған түзету мекемесінің бастығы Алихон Хамроев мұның бәрі жасөспірім қылмыскерлерге қатысты кері нәтижелерге әкелмесе жарар еді деп қауіптенеді.

«Бостандыққа шығу – бұл заң бұзушылар мәселесін шешу жолы емес, себебі бұл балалардың бәрі ата-ана



қамқорлығынсыз өскен, олар сауатсыз және қандай да бір кәсіпке маманданбаған. Біз оларға қылмысын саналы түрде мойындауға көмектесуге тырысамыз, өмірде бәрін адал жолмен табу керектігін түсіндіреміз», - дейді ол.

«Ал жасөспірім айыппұл төлеп бостандыққа шықты делік. Кәсібі жоқ, түрмеден шыққан ол қайда барады? Біраз уақыт өткен соң ол бізге қайтып келуі не ересектерге арналған колонияға түсуі әбден мүмкін», - деді ол сөзін жалғастырып.

Өзге сарапшылар кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысқа қарсы күрес бойынша жүйеге бұдан да тиімдірек реформалардың жүргізілгенін қалап отыр.

Заң бұзушы ұсталған кезде, ол стандартты сот процедураларынан өтуі тиіс, себебі елде бөлек ювеналды юстиция жоқ.

Адам құқығы бойынша үкіметтік комитеттің жанындағы сарапшылар тобы 2009 жылы зерттеу жүргізді және кәмілеттік жасқа толмаған заң бұзушылардың көпшілігі түрмеге болмашы қылмысы үшін сот пен прокурордың заңды басқа жолдары болмағандықтан түскені жайында қорытындыға келген.

2010 ақпанда жүргізілген зерттеу БҰҰ-ның Тәжікстан бойынша бала құқығы бойынша Комитетінің ювеналды юстицияның мамандандырылған жүйесін енгізу туралы шақыртуын мықтай түсті.

Бала құқығы бойынша сарапшылар ерте жаста түрмеге түсу жасөспірім қылмыскердің ересек қылмыскерге айнуына әкеліп соғуы мүмкін екенін айтады.

«Бала құқығы бойынша орталықтың» басшысы Тоджиддин Джалолов жасөспірімдерді мұндай ортадан алып шығудың маңызын өз тәжірибесінен білетіндігін айтады.

«Мен қылмыс жасаған балаларды жазалау керек дегенмен келіспеймін. Олармен жұмыс жасау керек», – деді ол. Джалолов өз орталығы жүргізген жастар арасындағы қылмыстың алдын-алу бойынша локалды жобасының арқасында ИМ мәліметтері бойынша қылмыстың 27 %-ға азайғанын жеткізді.

«Алайда ел көлемінде мұндай өзгерістер жоқ, сондықтан балалар қылмыстық әлемнен шығу мүмкіндігіне ие емес», – дейді ол.

**Валентина Касымбекова – IWPR тренингтеріне өткен Душанбедегі журналист. Фото авторы - Нозим Каландаров.**

## ТҮРКМЕНСТАН



### Түркіменстан: Адам құқығы бойынша жобаның жүзеге асырылуы биліктің беделінің көтерілуіне әкеледі



Түркіменстанда құқыққорғау жобасын жүзеге асыру үшін биліктің ашықтығы мен оған азаматтық қоғамның кеңінен араласуы қажет.

7 қыркүйекте Ашхабатта Еуропалық Кеңестің өкілдері билікпен БҰҰ-ның Даму Бағдарламасы және Адам құқығы бойынша жоғарғы комиссар Басқармасымен бірлесе отырып жүзеге асырылатын үшжылдық «Адам құқығын қорғау мен оған ат салысудағы Түркіменстанның күш-қуатын нығайту» жобасын талқылауы туралы хабар жергілікті белсенділер үмітпен қабылдады және елдің

құқыққорғауға байланысты келіссөздерде аз да болса алға жылжып келе жатқанын атап кетті.

Алайда жаңа бастаманың шын мәнінде құқығы тапталған адамдарды қорғауға бағытталған дұрыс болар еді. Мысалы, Еуроодақ Түркіменстанда халықаралық сарапшылардың қатысуымен бюро ашуға бастама бола алар еді, оған кез келген адам мұң-мұқтажын айтып келе алады. Әділдік үшін күресте ашынған түркімендіктердің Ашхабаттағы дәрежесі жоғары-ау деген ұйымдардың кеңселерінің табалдырығын тоздырып жүргені жиі кездесіп жатады.

Мысалы, елдің батысындағы Балкан вelayатының белсендісі Амангелен Шапудаков осындай жағдайға тап болып отыр. Өткен жазда Шапудаков жергілікті құзырлы органдардың бәрінен өтіп, арнайы Ашхабаттағы БҰҰ-ның өкілдігіне, БҰҰ-ның адам құқығы бойынша Комитетіне арыз беру үшін келеді. Алайд, күзетшілер оны жеке алып шығып «патриот емессің» деп кінәлап, полция шақырамыз деп қорқытқан, сосын халықаралық ұйым орналасқан аумақтан оны қуып шыққан. Балкандық белсенді Түркіменстанның қарапайым азаматына халықаралық құрылымдарға шығу мүмкін еместігін оларға жеткізе алмай-ақ кетеді.

Ірі құқыққорғау жобасын жүзеге асыруға кедегі болатын тағы бір мәселе жергілікті шенеуніктердің жауапсыздығы мен есеп беру алдындағы олардың қорқынышы болмақ. Ашгабат қалалық казыетінің [сотының] қызметкері қарастырылатын істің бәрінің өз желеп-жебеушісі бар екендігін айтты. Егер, мысалы, сот шенеуніктің мүдделі істі дұрыс қарастыру жөніндегі өтінішін орындамаса,



ол сот орнын босатады дейді ол. Анонимді жүргізілген әңгімеде мемлекеттік қызметкерлер бәрінің тек көз үшін жасалынып отырылғандығын, ал елдегі бастама «сырт көзге арналып жүргізілетіндігін» мойындады. Тіпті батыл қадамға барғандарының өзі іс-әрекеттерінің назардан тыс қалғанын байқаған.

2008 жылы Копетдаг хякимликінің [жергілікті билік органы] қызметкері халықаралық ұйымдармен бірлесіп қызмет жасайтын жоба жасайды, өз сөзі бойынша, ол жоба көптеген революциялық ұсыныстарға толы болған, олар негізінен адам құқығына қатысты жағдайды жақсартуға қатысты еді. Қызметкер жобаны жоғары басшылыққа ұсынуға бел шешкен. «Жоба әлі күнге шаң басып жатыр», - дейді ол.

Біздің қордың құқыққорғау бағдарламасын жүргізуге байланысты сауалнамаға қатысқан түркмендік азаматтық топтардың жетекшілері мұндай маңызды идеяны жүзеге асыру үшін практикалық шарттар болуы керек дейді.

Біріншіден, қоғам мен шенеуніктер президент Гурбангулы Бердымухаммедовтың осы құқыққорғау бағдарламасын шын мәнінде жүзеге асыру ниетін танытатын белгісін алуы керек; екіншіден, цензура ұшыраған және ел басының жұмысын шексіз мақтай беретін мемлекеттік БАҚ-пен емес, халықаралық журналистермен және БҰҰ, Еуроодақтың еріктілерімен біріге отырып ауқымды ақпараттық кампания жүргізу керек.

Елдің оңтүстігіндегі Лебап вelayатындағы ТХҚ белсендісі «ақпараттық блокаданы» қызықты сюжеттер, арыздардың қарастыруға байланысты шынайы әңгімелер, құқығы бұзылған жағдайда адамдар не істеу керектігі жайлы практикалық кеңестер, халықаралық сарапшылардың

халықпен кездесуінде айтқан сөздерімен бұзу жолын ұсынып отыр. Әзірге бәрі керісінше болып отыр: БҰҰ мен ЕО-тың сарапшылары келіп, түрлі министрліктердегі жауапты адамдармен кездесулер өткізеді, ал халыққа олардың бастамалары жетпей жатады. Мұндай бағдарламаны жүзеге асырамыз деп мәлімдеуден бұрын билік халық арасындағы өз беделін арттыруы тиіс. Мысалы, президенттің жанындағы құқыққорғау органдарының заңсыз іс-әрекеттеріне қатысты арыздарды қарастыру Комиссиясында тіркелген арыздың бәрін адам құқығы саласындағы халықаралық заңгерлерге беруге болар еді. Бұл Түркменстанның халықаралық сотқа қарсы жасаған қадамының басы болмақ, себебі бүгінгі күні президенттің жанындағы Комиссияның тиімділігі төмен болып отыр.

Тағы бір ұсыныс. Азаматтарға билікке деген өз арыздарын және ұсыныстарын мемлекеттік ведомстволардың сайты арқылы беруге және сот шешімдерімен танысуға мүмкіндік берсе. Көптеген дамыған елдерде мұндай жағдай қалыпты дүние, кез келген адам өзі қызығушылық танытқан іс жайлы биліктің сот органдарының сайтынан ақпарат ала алады. Мұндай қадам халықтың сенімін арттырмақ.

Құқыққорғау бағдарламасын жүзеге асыруға жол ашатын тағы бір аса маңызды мәселелер: Ниязов режимінің құрбандарына қатысты тәуелсіз зерттеу жүргізу, түркімен шенеуніктері аулақ жүруге тырысатын конституциялық еркіндіктер: сөз, дін және қозғалыс бостандығымен халықты қамтамасыз ету.

**Таджигуль Бегмедова, адам құқықтары бойынша Түркменстандық Хельсинк Қорының жетекшісі**

## Түркменстандағы діни ұйымдар биліктің қысымына ұшырауда

*Билік діни ұйымдарға абайлап қарауын тоқтатар емес*

Жаңа заңнаманың Түркменстандағы діни ұйымдарға деген қысымын азайтады деген үмітке қарамастан, үкіметтің бұрынғы ісінен таятын түрі жоқ.

Қазір Түркменстан парламентінде қарастырылып жатқан діни ұйымдар туралы жаңа заңнама құқықтық статуска ие болу үшін әр діни ұйымға қажетті тіркеу үрдісін жеңілдетуі мүмкін.

Елдегі халықаралық ұйымның заңгері жаңа заң тіркеуге тұруды жеңілдетеді деп үміттенеді, себебі қазір «бізде діндер арасындағы еркіндік ұстанымы мен теңдігі сақталмай отыр».

Алайда, заңнамаға енгізілген өткен өзгерістерге қарағанда, заңның жұмсара түсуі екіталай.

«Діни ұстаным және діни ұйымдар туралы» Заңға алғашқы айтарлықтай өзгерістер енгізілген 2003 жылдан бастап осы құрылымдарға деген қатынастың бұрынғыдан да қатаңдай түсуі байқалады.

Біріншіден, «діни қауымдастық» құруға қажетті діндарлардың саны 500 адамға дейін өсті; екіншіден, 2006 жылы тіркеу ережесі туралы өзгеріс енгізілді. Соған

сәйкес әділет Министрлігінің келісімінен бөлек, ұйымды тіркеу үшін жергілікті биліктің ұсыныс қажет.

Түркменстан Конституциясы дін еркіндігіне кепілдік береді, алайда билік ашық діни қызметке, әсіресе шағын діни топтарға кеңестік күдік білдіру қатынасын ұстанғанды жөн көреді.

Түркменстандағы протестанттық қауымның мүшесі шенеуніктер Конституцияда көрсетілген олардың құқығына мән бермейтіндігін айтты.

«Олар жазылмаған заңдар бар екендігін айтады. Олардың Конституцияға түкіргені бар», - дейді ол.

2010 жылдың қаңтарында Біріккен Ұлттар Ұйымына ұсынылған үкіметтің мәліметтерінде ресми тіркеуге ие 123 діни ұйымның бар екендігін айтады. Олардың 100-і мұсылман, 13-і Орыс Православие шіркеуі ұйымдар, ал қалғандары Жетінші Күн Адвентистері, баптистер, Түркменстан Бахаи қауымы және Кришнаны сезіну Қоғамы.

Рим-Католиктік шіркеуі Түркменстанда өткен жылдың наурызында ғана тіркелді.

Тағы төрт ұйым, олардың арасында Иегова Куәгерлері де бар, арыздарына жауап күтуде, алайда Forum 18 веб-порталының хабарлауынша, кебір арыздар қабылданбаған.

«Мен бізді неге тіркемей жатқанын түсінбеймін. Біз көппіз және заңға бағынамыз», - дейді IWPR-ға Иегова Куәгерлерінің белсенділерінің бірі.

Тіркеу болмаса діни ұйым қағаз жүзінде де ешқандай қорғанышқа ие болмайды. Олардың кездесулеріне тыйым салынған, мүшелері қамауға алынады, ал діни әдебиеті тәркіленеді.

Иегова Куәгерлерінің өкілі тұрақты түрде жүргізілетін бақылау мен қысым бұл қауымға мүшелердің санының кемуіне әкліп соққан.

«Соңғы жарты жылдың ішінде біз топ-топ болып жиналмаймыз, мүшелерімізге он адамнан артық топ болып жиналуға кеңес бермейміз, себебі біз полиция мен өзге де арнайы қызмет қызметкерлерінің бақылауындамыз. Біз мереке не туған күн тойлап жатқан кезде, полиция келеді де тарауға бұйрық береді және бұл тұрақты түрде осылай болып келеді», - дейді ол.

Құқыққорғаушылардың мәліметтері бойынша, қазір Иегова Куәгерлерінің бес ерушісі әскери қызметке барудан бас тартқаны үшін түрмеде отыр. Осы ағымның тағы бір мүшесі елдің шығысындағы Лебап вelayатының Сейди қаласында сот үкімін күтуде.

«Олардың бәрі қатал қатынасқа, ұрып-соғуға тап болып отыр, қамауға алынғандардың бірі бүйрегінен соққы алып, мүгедек болып қалды. Қауымның [Иегова Куәгерлері] мүшелері мен олардың туыстарының арыздары мен өтініштеріне қарамастан, түрме қабырғасында азаптаудың қолданылатынына байланысты қандай да бір зерттеу жүргізу мүмкін болмай отыр», - дейді IWPR-ға Ашхабатдық құқыққорғаушы.

Шын мәнінде ресми тіркеу діни ұйымға, егер билік оның қызметін жабамын десе, өте шектеулі іс-әрекет еркіндігін береді.

Тамыз айының басында Ашхабадқа жақын маңда полиция тіркелген Түркіменстанның протестанттық қауымының ұйымдастырған жастардың жаздық лагеріне рейд жүргізіп, 47 адамды қамауға алды. Осы оқиға жайында хабарлаған Forum 18 порталы полицияның лагерді ұйымдастырушыларды билікті алдын-ала ескертпегенін айтып кінә таққан деп жеткізді.

Алайда шіркеу өкілдері өздерінің ұйымдары тіркелгендіктен мұндай жиналыстар үшін ерекше рұқсат қажет етілмейді деп отыр.

Ашхабадтағы Кришнаиттер қауымының өкілі IWPR-мен болған әңгімеде, қажетті рұқсаттың болғанына қарамастан, арнайы қызмет қызметкерлері олардың мүшелерінің кездесуі кезінде бақылау орнататын болған.

«Біз ол бақылауды ылғи сезінеміз», - дейді ол. Сүннеттік ислам этникалық көпшілік түркімендер мен өзбектер секілді қауымның дәстүрлі діни болып табылады, алайда

осы бағытты ұстанатындардың өзі өздерін діни еркінбіз деп айта алмайды.

IWPR-ға полиция қызметкері үкімет шенеуніктері мен мемлекеттік қызметкерлері арасында діни салт-дәстүрді ұстану қолдауға ие емес екенін айтып берді.

Ол баласын сүндеттеген кезді есіне түсірді. «Маған жұмыста қиындықтар керек емес, сондықтан әйеліммен алдын-ала келісіп алдым, мен іссапарға кеткенде ол туыстарымыз мен молданы шақырып, менне жасырып өткізген сияқты болып, баламды сүндеттеді», - дейді ол. Полиция қызметкері өз әріптестерінің де осылай жасайтынын жеткізді.

Түркіменстанме шекарадағы, өзбектік Хорезм облысындағы «Нажот» құқыққорғау ұйымының басшысы Хайитбой Якубовдың көрші елдегі ақпарат көздері Түркіменстан билігінің діни экстремизм қаупінің алдын-алу мақсатында діни ұйымдарға деген бақылауды күшейтетін шаралар пакеті дайындалып жатқанын хабарлаған.

«Бұл жоспарларға бүкіл Түркіменстан бойынша діни сенімдегі адамдардың базасын жасақтау, барлық мешіттерге видеокөздер қою, әр азаматтың дінге деген көзқарасы мен оның діни сенімінің деңгейін анықтау кіріп отыр», - дейді ол.

Болгариядағы Түркіменстанның Хельсинки Қоры құқыққорғау ұйымының жетекшісі Таджигуль Бегмедова 2007 жылы қайтыс болған Сапармурата Ниязовтың мұрагері Гурбангулы Бердымухаммедов президент болғалы бері айтарлықтай ештеңе өзгере қойған жоқ деп тұжырымдайды.

«Бұрынғы диктаторлық әдістен ешкім бас тарта қойған жоқ. Түркіменстан қай жолмен жүретінін анықтамады. Біресе демократиялық қауымдастықтың алдында өзін жақсы кепіте көрсетуге тырысса, бірде бақылауды күшейте түседі, мәселен, бұл жолы оның кесірі діндарларға тиіп отыр», - дейді ол.

**Довлет Овезов – ашхабадтағы журналистің лақап аты. Инга Сикорская – IWPR-дың Бішкектегі Түркіменстан мен Өзбекстан бойынша бас редакторы.**

## ӨЗБЕКСТАН



### Өзбек түрмелеріндегі қорлық көрсету тұтқындардың психикалық аураға ұшырауына әкеліп соғуда

*Құқыққорғаушылардың сөзіне қарағанда, өзбек түрмелерінде азаптаудың қалыпты құбылыс болуы әлі де болса жалғасып келеді*

Өзбек құқыққорғаушыларының сөзіне қарағанда, елдегі пенитенциарлы жүйе үшін азаптау мен тәнге басқа да жолдар арқылы зақым келтіру қалыпты жағдайға айналып келе жатыр. Бұл тұтқындар арасындағы психикалық ауытқулардың өсуінің жоғары деңгейіне әкеліп соғады.

Францияда орналасқан «Орталық Азиядағы адам құқығы» Ассоциациясының мәліметтеріне қарағанда, «Өзбекстанда бас бостандығынан айыру орындарында психикалық ауытқудан зардап шегіп отырған адамдардың саны күннен-күнге артуда. Оларға медициналық көмек көрсетілмейді, ал қандай да бір ақпарат кедергі ұшырайды».

Тұтқындардың туыстары өз жақындарының өміріне қауіп төнбесін деген оймен үндемеуді жөн көреді.

Ислам экстремизмі бойынша күдіктілерге жиі тағылатын – мемлекеттік төңкеріс жасамақ болған деген айыппен 18 жылға бас бостандығынан айрылған тұтқынның әпкесі түрменің бауырына қалай әсер еткендігі жөнінде айтып берді.

Оның бауырын Навоидегі түрмеден елдің солтүстігіндегі шектен асқан қатаңдығымен ерекшеленетін Жаслык жабық аймағына ауыстырған соң, ол түрме бақылаушыларынан таяқ жеген, нәтижесінде екі қолы бірдей сынған.

Бірнеше ай бойы оған ешқандай медициналық көмек көрсетілмеген, бұдан кейін оған қандай да бір ауруды басатын дәрілерсіз операция жасаған. Мұның бәрі оның психикалық жағдайының нашарлауына әкеліп соққан секілді.

«Ол тез ашуланатын, сабырға келмейтін болды. Ауруы ұстағанда ұйқылары қашқан камераластары оны ұрып тыныштандырады, бұдан бөлек бақылаушылар да ұрып-соғудан тайынбайды», - дейді тұтқынның әпкесі.

Шабуыл жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан әйелдің бауыры оны қылмыс жасаған жоқ деп ақтап отыр және бауырын түрмеде зорлық-зомбылық көріп отырғанын айтты.

«Бір жыл ішінде ол жас қыздан кемпірге айналып кетті. Психикалық ауытқулар анық байқала бастады, мені көбінесе тани бермейді. Кездесуге рұқсат етпейді, рұқсат бере қалған жағдайда оның соққыға жығылғанын көремін», - дейді ол.

Ол зерттеу жүргізуді талап ете бастаса, «бауырын тірі көрмейтініне» сенімді.

Францияда орналасқан «Орталық Азиядағы адам құқығы» Ассоциациясының президенті Надежда Атаева парламенттің бұрынғы депутаты, 1995 жылдан бері мерзімін өтеп келе жатқан Мурад Джураев қазір ауыр жағдайда екенін айтты.

Джураев – Түркияда мемлекеттік төңкеріс жасамақ ниетпен жас өзбек азаматтарын өскери дайындықтан өткізді деп айыпталған «Эрк» оппозициялық партиясының сотталған мүшелерінің бірі.

«Түрмеде психикалық ауруға айналып бара жатқан саяси тұтқын Мурад Джураевтың әйелі менен «Қалай ойлайсың, егер мен оның орнына жаза мерзімін өтеуге ұсыныс жасасам, олар келісе ме?» деп сұрайды. Бұл әйел күйеуінің қандай жағдайда екенін көре алмайтын дәрежеге жетті», - дейді Атаева.

Азаптауды қолдану Өзбекстанның тергеу изоляторлары мен түрмелерінде қолдану ұзақ жылдардың бойында құжатпен дәлелденіп келеді.

Өзбек үкіметі мен құқыққорғаушылардың наурызайында берген құжаттарын зерттеу отырып БҰҰ-ның адам құқықтары бойынша Комитеті елдегі адам құқығы жағдайына байланысты қорытындысын жариялады.

Комитет Өзбекстан үкіметіне азаптау мен зорлық-зомбылықтың басқа түрлерін тоқтататын шараларға баруды; осындай оқиғаларға мониторинг пен тергеу жүргізуді; қажет жағдайда кінәлілерді анықтап, оларды жазаға тартуды; «қандай да бір жағдайда зерттеуді тәуелсіз орган жүргізіп отырғандығына көз жеткізуді»; сонымен қатар азаптаудан жәбір көргендерге өтемақы беруді қарастыруды талап етіп, ұсыныс жасады.

Бұдан бөлек, БҰҰ-ның Комитеті «азаптау мен басқа да зорлық-зомбылыққа байланысты шағымдардың толастамауына; аталған іс-әрекеттерге жауапты тұлғалардың айыпқа татыла бермеуіне; аталған іс-әрекетке жауапты адамдардың амнистияға ұшырағаны жайында тәртіптік шаралар секілді санкциялардың ақылға қонымсыздығына; азаптауға қатысты тергеудің жүргізілуінің ақылға қонымсыздығына байланысты өз алаңдаушылығын білдіреді. Комитет сонымен қатар сотта қысым арқылы берілген куә сөздерін пайдалануға қатысты алаңдаушылығын білдіреді».

Наурыз тыңдауындағы өзбек үкіметінің ұстанымын жеткізе отырып, Өзбекстанның ресми тұлғалары екі тактиканы ұстанып отыр: елдегі адам құқығы жағдайының керемет түрде қадағаланатыны жайлы хабарлау және халықаралық сынға байланысты қарсы пікір айту.

Азаптаудың қолданылуына байланысты сұраққа жауап бере отырып, Өзбекстан Республикасының адам құқығы бойынша Ұлттық орталығының директоры Акмаль Саидов: «Біз – азиялық мемлекетпіз. Біз – мұсылман мемлекетіміз. Біз ешқашан еуропалық елге айналмаймыз» деді.

Саидовтың сөзіне қарағанда, құқыққорғаушылардың есебіне сақтықпен қараған дұрыс, себебі олар «саясиленген» және «жекелеген фактілерге ғана тиісе береді, оны жалпы жағдайға таңудан танбайды» дейді.

Ішкі істер министрінің орынбасары Абдукарим Шодиев елдегі пенитенциарлы жүйенің ашық екендігін, оған «тәуелсіз мониторинг пен парламенттің бақылаудың жүргізілетіндігін» жеткізді.

Жоғарғы сот төрағасының орынбасары Шерали Рахмонов 2004 жылы қабылданған, азаптау жолымен алынған дәлелдерді пайдалануға тыйым салатын заңды дәйек ретінде ұсынды. Осы заңға сәйкес сот арыз түскен жағдайда тергеу жүргізуге міндетті.

Құқықтанушылар мен құқыққорғаушылар азаптаудың өте сирек кездесетіні және азаптаудан зардап шек-

кендер әділдікке қол жеткізе алатыны жайлы пікірмен келіспей отыр.

Қудалауға ұшыраудан қорқып, аты-жөнін атамауды жөн көрген ташкенттік заңгердің сөзіне қарағанда, азаптау «саяси» деп бағаланатын не құқыққорғау қарсы айыптауы бар істердің 90 пайызында дәлел алу үшін қолданылады. Пенитенциарлы жүйенің ашықтығын қамтамасыз етудің орнына билік мұндай жағдайлар туралы ақпараттың жарық көрмеуіне мүдделі болып оыр дейді «Эзгулик» адам құқығы қоғамының төрағасы Валиа Иноятова.

Оның ұйымы психикалық ауруларға дәрігерлердің көмек көрсетуіне қол жеткізуге тырысқанда билік «тұтқын сау» деп, кедергі келтірген.

(Осы мақаладағы кейбір тұлғалардың аты-жөні қауіпсіздік мақсатында ауыстырылып беріліп отыр).

**By Yulia Goryunova – Орталық Азиядағы адам құқығы бойынша жоба**

## Бала тууды реттеу туралы заң әйелдердің құқығына қол сұғып отыр

*Өзбекстандағы құқыққорғаушылар бала тууға мүмкіндігі бар әйелдердәі дүниеге ұрпақ әкелу мүмкіндігін күштеп жою жағдайын байланысты алаңдаушылықтарын білдіруде.*

Жергілікті белсенділердің хабарлауынша, Өзбекстанда қазір 2010 жылдың 15 тамызына дейін жалғасатын жас әйелдерді стерилдеудің екінші кезеңі жүріп жатыр.

Аты-жөнін атамауды жөн көрген ташкенттік дәрігердің айтуынша, «Бала туу жасындағы әйелдерге медициналық зерттеуге бақылауды күшейту» бағдарламасы ретінде жүрген бұл кампанияның алғашқы кезеңі көктемде болған.

Қоғамдық-саяси және құқықтық процестерге мониторинг жүргізетін ташкенттік сараптамалық жұмыс тобы келесідей мәлімет беріп отыр: ақпан айында Денсаулық сақтау Министрлігі № 40-шы арнайы бұйрық береді, ол «бала тууға қабілетті әйелдерге ерікті түрде хирургиялық стерилдеу жүргізудің тәртібін реттейді».

Бұл құжатқа сәйкес әр дәрігер екі әйел тауып, оны ерікті хирургиялық стерилдеуге келісуге көндіруі тиіс, ал енді елу әйелді контрацептивті дәрілер қолдануға үгіттеуі керек.

«Күн сайын, таңғы жиналыс кезінде дәрігерлерден осы бағытта не істелінгені жайында сұрайды. Түк істемегендерге сөгіс жариялайды», - дейді ташкенттік медицина қызметкері.

Өзбек мемлекеттік статистикасының мәліметтеріне қарағанда, 2010 жылдың 1 сәуірінде халық саны 28 миллион адамды құраған және жыл басынан бері 94 мың адамға өскен. Демография саласындағы мамандардың болжауынша, 2015 жылы Өзбекстан халқы 33 млн-нан асуы мүмкін.

Өзбек отбасылары әдетте көпбалалы болып келеді, сондықтан билік халық санының шектен тыс асып кетпеуі

үшін әйелдерді стерилдеу түріндегі тиімді қадамға бармақшы.

«Әйелдер жас балаларға берілетін өтемақыны ала алмайды, оны алу үшін дәрігердің анықтама қағазы керек. Қағазға қол жеткізу үшін стерилденуден өту қажет», - дейді ташкенттік бақылаушы.

Өзбекстандағы көптеген дәрігерлер жаппай стерилдеуде бюджет қаржысының өтемақы төлеуге жетпей жатқандығымен және аналар мен жаңа туған сәбилер арасындағы өлім деңгейінің жоғарылығымен байланыстырады.

Ташкенттегі акушерлік пен гинекологияның мамандандырылған ғылыми-практикалық медициналық орталығы клиникасының гинекологы стерилдеу процесі күштеуден гөрі ерікті түрде жүріп жатыр. Кейде орталық дәрігерлеріне шалғай жатқан аудандарға барып, аптасына қырық операция жасауға да тура келеді дейді ол.

«Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген әйелдердің 40-50 пайызы стерилдеуден өтті. Стерилдеудің аборттан жақсы екенін көбі түсінеді», - дейді дәрігер.

News Briefing Central Asia сұрағандардың бәрі бірдей гинекологпен келісіп отырған жоқ. Келіспегендер дәрігерлердің алдап әйелдерді стерилдегені жайлы мысалдар келтіруде.

Ферғана жазығының оңтүстік-батысындағы Қоқанд қаласының тұрғыны 23 жастағы Наргиз екінші баласын дүниеге әкелген соң, үшінші баланы көтермек болған, бірақ, еш нәтиже шықпаған. Қарап болған соң,

ташкенттік дәрігерлер оған үшінші баласын дүниеге әкеле алмайтындығын, себебі екінші баланы ішті жарып алу арқылы туған соң, оның фаллопиелік түтікшелерін «бала көтертпеу мақсатында» байлап тастағанын айтқан.

Наргиз бен оның күйеуі осыған байланысты сотқа жүгінбек болған, алайда қоқандтық дәрігерлер оған стерилдеуге келісім беретін хатты көрсеткен.

«Бала туудың алдында мен бұл құжатқа қол қоярды, дәрігерлер бұл тек алғыс хат деп айтқан еді», - дейді Наргиз.

Хорезмдік «Нажот» құқыққорғау тобының жетекшісі Хайитбой Якубовтың айтуынша алдаудың мұндай жолы кеңінен таралған.

«Дәрігерлер аурудың ауыр түрін таптық, стерилдемесе болмайды деп әйелдерді алдайды», - дейді ол.

Құқыққорғаушылар мұндай іс-әрекеттің орын алуын әйел құқығының бұзылуының сұмдық көрінісі екенін және хирургиялық стерилдеу әйелдің келісімімен ғана жүргізілуі

керек екенін айтып отыр. Сарапшылар хирургиялық стерилдеуден кейін әйелдердің денсаулығында пайда болатын қауіпті өзгерістерге назар аударып отыр.

«Кейбір әйелдердің денсаулықтары нашарлап кеткен, көпшілінің етеккік циклі бұлылып, қан кетуі бір-екі ай бойы тоқтамайтын болған. Осының бәрін естіген көп әйелдер күштеп стерилдеуден қорқып өмір сүруде», - дейді Ташкенттегі зерттеушілердің бірі.

2007 жылы азаптауға қарсы БҰҰ-ның Комитеті өзбек әйелдерін күштеп стерилдеу мен ішкі жыныстық органдарын алып тастау туралы өз баяндамасында атап көрсетіп кетті. Елдегі демократиялық балансты реттеуге байланысты бірқатар ұсыныстардан кейін стерилдеу фактілері азайған болатын. Алайда осы жолы мұндай жағдай қайта орын алып отыр.


«Бұл күштеу кампаниясы әйелдерді тәлкек ету мен олардың құқығын бұзу», - дейді Ферғаналық құқыққорғаушы.

INSTITUTE FOR WAR & PEACE REPORTING



**Institute for war & peace reporting**

48 Gray's Inn Road  
London, WC1X 8LT, UK  
Tel: (44 20) 7831 1030  
Fax: (44 20) 7831 1050  
Web: [www.iwpr.net](http://www.iwpr.net)  
E-mail: [info@iwpr.net](mailto:info@iwpr.net)



**Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Қырғыз Республикасы,  
Бішкек қ., 720017  
Тоголок Молдо к-сі, 18-2  
Тел.: + 996 312 66 44 53, 61 38 70  
Факс: + 996 312 61 38 70  
E-mail: [iwpr.kyrgyz@iwpr.net](mailto:iwpr.kyrgyz@iwpr.net)



**Қазақстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., 050000  
Қазыбек би к-сі 50  
2 қабат, 84 кеңсе  
Тел.: +7 727 272 59 03, 272 64 21, 272 68 90  
E-mail: [iwpr.kazakhstan@iwpr.net](mailto:iwpr.kazakhstan@iwpr.net)



**Тәжікстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Тәжікстан Республикасы  
Душанбе қ., 734003  
Рудаки д-лы, «Точикматлубот» 137, 6 қабат  
Тел.: + 992 372 24 70 26  
Тел./Факс: + 992 372 24 70 51  
E-mail: [iwpr.tajikistan@iwpr.net](mailto:iwpr.tajikistan@iwpr.net)

IWPR осы жарияланымның мазмұнына толықтай жауап береді, жарияланымның Еуро Одақ мемлекеттерінің көзқарасын білдіруі міндетті емес.